

**ORLEU**

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ  
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

ISSN (Print): 3078-459X

ISSN (Online): 3078-4603

**№1 (51) - 2026**

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Қостанай облысы  
бойынша кәсіби даму институты» филиалы

Branch of JSC «National Center for Professional Development «Orleu»  
Institute for Professional Development across Kostanay region»

Филиал АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»  
Институт профессионального развития по Костанайской области»

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА**

**ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА И ПРАКТИКА**

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Қостанай - 2026

Kostanay - 2026

Қостанай - 2026

**БАС РЕДАКТОР: Мусабекова Г.А.,**

педагогика ғылымдарының кандидаты, «Өрлеу» БАҰО» АҚ Қостанай облысы бойынша ҚДИ» филиалы директоры, Қостанай қ., Қазақстан

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:**

**Айдарханова Гульнар Сабитовна**, биология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қ., Қазақстан

**Бектурганова Римма Чингисовна**, педагогикалық ғылымдарының кандидаты, профессор, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ ректорының кеңесшісі, Қостанай қ., Қазақстан

**Джаманбалин Кадыргали Қоныспаевич**, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті ректорының кеңесшісі, Қостанай қ., Қазақстан

**Литвак Римма Алексеевна**, педагогикалық ғылымдарының докторы, профессор, Челябині мемлекеттік мәдениет институты, Челябині қ., Ресей

**Мануйлов Юрий Степанович**, педагогикалық ғылымдарының докторы, профессор, Нижний Новгород ғылыми инвестициялар орталығының директоры, Нижний Новгород қ., Ресей

**Наурызбаева Эльмира Кенжегалиевна**, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ академиялық мәселелер жөніндегі проректоры, Қостанай Қ., Қазақстан.

**Петрусевич Аркадий Аркадиевич**, педагогикалық ғылымдарының докторы, Омбы мемлекеттік педагогикалық университеті профессоры, Омбы қ., Ресей.

**Росенко Надежда Ивановна**, педагогикалық ғылымдарының кандидаты, Мыржақып Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті, Қостанай, Қазақстан

**Саркисян Шушаник Вагановна**, психология ғылымдарының кандидаты, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ құрметті профессоры, Қостанай қ., Қазақстан

**Султангазина Гульнар Жалеловна**, биология ғылымдарының кандидаты, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ, Қостанай қ., Қазақстан

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогикалық ғылымдарының кандидаты, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ психология және педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қостанай қ., Қазақстан

**Рахимова Эльмира Ерсалимовна**, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп-лицейі» КММ, «Педагог-шебер», «2023 жылдың үздік педагогі», Қостанай қ., Қазақстан

**ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР: Шаймагамбетова Н. С.,**

«Өрлеу» БАҰО» АҚ Қостанай облысы бойынша ҚДИ» филиалының ақпараттық технологиялар және медиа қызметі кітапханалық-ақпараттық және редакциялық-баспа қызметі бойынша жетекші маманы, Қостанай қ., Қазақстан

**Меншік иесі:** «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Қостанай облысы бойынша кәсіби даму институты» филиалы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі

**Екінші тіркеу:** 30.10.2024 - № KZ01VPY00104480

**Мерзімділігі:** жылына 4 рет.

**ISSN (Print): 3078-459X, ISSN (Online): 3078-4603**

**Редакцияның мекенжайы:** 110000, Қазақстан, Қостанай қ., Пролетарская көш., 86, тел. 8(7142)54-16-17, e-mail: izdat-orley-kost@mail.ru, <https://journal.orleu-edu.kz/index.php/pnp>

© «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»  
АҚ Қостанай облысы бойынша кәсіби даму институты» филиалы

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР: Мусабекова Г.А.,**

кандидат педагогических наук, директор филиала АО «НЦПК «Өрлеу»  
Институт профессионального развития по Костанайской области», г. Костанай, Казахстан

**РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ:**

**Айдарханова Гульнар Сабитовна**, доктор биологических наук, ассоциированный профессор кафедры биологических наук НАО «Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина», г.Астана, Казахстан

**Бектурганова Римма Чингисовна**, доктор педагогических наук, профессор, советник ректора НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы», г. Костанай, Казахстан

**Джаманбалин Кадыргали Коныспаевич**, профессор, доктор физико-математических наук, советник ректора Костанайского социально-технического университета, г.Костанай, Казахстан

**Литвак Римма Алексеевна**, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики и психологии Челябинского государственного института культуры, г.Челябинск, Россия

**Мануйлов Юрий Степанович**, доктор педагогических наук, профессор, директор Нижегородского центра научных инвестиций, г.Нижний Новгород, Россия

**Наурызбаева Эльмира Кенжегалиевна**, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор (доцент), проректор по академическим вопросам НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы», г.Костанай, Казахстан

**Петрусевич Аркадий Аркадиевич**, доктор педагогических наук, профессор, Омский государственный педагогический университет, г. Омск, Россия

**Росенко Надежда Ивановна**, кандидат педагогических наук, Костанайский инженерно-экономический университет имени Мыржакыпа Дулатова, г.Костанай, Казахстан

**Саркисян Шушаник Вагановна**, кандидат психологических наук, почетный профессор НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы», г.Костанай, Казахстан

**Султангазина Гульнар Жалеловна**, кандидат биологических наук, НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы», г.Костанай, Казахстан

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры психологии и педагогики НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы», г.Костанай, Казахстан

**Рахимова Эльмира Ерсалимовна**, учитель казахского языка и литературы, КГУ «Школа-лицей №1 отдела образования города Костаная», «Педагог-мастер», «Лучший педагог 2023 года», г. Костанай, Казахстан

**ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР: Шаймагамбетова Н. С.,**

ведущий специалист по библиотечно-информационной и редакционно-издательской деятельности службы информационных технологий и медиа ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПР по Костанайской области, г. Костанай, Казахстан

**Собственник:** филиал АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» Институт профессионального развития по Костанайской области»

**Регистрация:** Министерство культуры и информации Республики Казахстан  
Республиканское государственное учреждение «Комитет информации Министерства культуры и информации Республики Казахстан»

**Дата и номер первичной постановки на учет:** №13661-Ж от 05.06.2013

**Вторичная постановка на учет:** 30.10.2024 - № KZ01VPY00104480

**Периодичность:** Ежеквартально.

**ISSN (Print): 3078-459X, ISSN (OnLine): 3078-4603**

**Адрес редакции:** 110000, г. Костанай, ул. Пролетарская, 86,

тел. 8(7142)54-16-17, e-mail: izdat-orley-kost@mail.ru, <https://journal.orleu-edu.kz/index.php/npn>

© филиал АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»  
Институт профессионального развития по Костанайской области»

**EDITOR-IN-CHIEF: Musabekova G.A.,**

Candidate of Pedagogical Sciences, director of JSC «National Center for Professional Development «Orleu» Institute for Professional Development across Kostanay region» branch, Kostanay, Kazakhstan

**MEMBERS OF COUNCIL:**

**Aidarkhanova Gulnar Sabitovna**, Doctor of Biological Sciences, Associate Professor of the Department of Biological Sciences, Kazakh Agrotechnical University named after S. Seifullin, Astana, Kazakhstan

**Bekturganova Rimma Chingisovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, advisor to the rector of Kostanay Regional University named after A. Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan

**Dzhamanbalin Kadyrgali Konyspayevich**, Professor, Doctor of Physics and Mathematics Sciences, advisor to the rector of Kostanay Social-Technical University, Kostanay, Kazakhstan

**Litvak Rimma Alekseyevna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology, Chelyabinsk State Institute of Culture, Chelyabinsk, Russia

**Manuylov Yury Stepanovich**, Doctor of Pedagogical Sciences, professor, director of Nizhny Novgorod Center for Scientific Investments, Nizhny Novgorod, Russia

**Nauryzbayeva Elmira Kenzhegalievna**, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Vice-Rector for Academic Affairs of Kostanay Regional University named after A. Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan

**Petrusevich Arkady Arkadievich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Omsk State Pedagogical University, Omsk, Russia

**Rosenko Nadezhda Ivanovna**, Candidate of Pedagogical Sciences, Kostanay Engineering and Economic University named after M. Dulatov, Kostanay, Kazakhstan

**Sarkisyan Shushanik Vaganovna**, Candidate of Psychological Sciences, Honorary Professor, Kostanay Regional University named after A. Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan

**Sultangazina Gulnar Zhalelovna**, Candidate of Biological Sciences, Kostanay Regional University named after A. Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan

**Utegenova Bibikul Mazanovna**, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Psychology and Pedagogy, Kostanay Regional University named after A. Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan

**Rakhimova Elmira Yersalimovna**, teacher of the Kazakh language and literature, Lyceum School No. 1, Kostanay, «master teacher», «The Best Teacher of 2023», Kostanay, Kazakhstan

**EXECUTIVE EDITOR: Shaimagambetova N.S.,**

Leading specialist in library, information, and editorial-publishing activities, Information Technology and Media Service, JSC «National Center for Advanced Training “Orleu” Institute for Professional Development in Kostanay Region», Kostanay, Kazakhstan

**Owner:** Branch of JSC «National Center for Professional Development «Orleu» Institute for Professional Development across Kostanay region»

**Registration:** Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan  
Republican state institution «Information Committee of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan»

**Date and number of initial registration:** №13661-Ж from 05.06.2013

**Secondary registration:** 30.10.2024 - № KZ01VPY00104480

**Frequency:** Quarterly

**ISSN (Print):** 3078-459X, **ISSN (OnLine):** 3078-4603

**Address of edition:** 110000, Kostanay, Proletarskaya St., 86,  
ph. 8 (7142)54-16-17, e-mail: izdat-orley-kost@mail.ru, <https://journal.orleu-edu.kz/index.php/npn>

©Branch of JSC «National Center for Professional Development «Orleu»  
Institute for Professional Development across Kostanay region»

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

<b>Алипова Мира Талгатовна, Бақытжан Нүргүл, Ақын Гүлназ</b> БИОЛОГИЯ, ХИМИЯ ЖӘНЕ ФИЗИКА ПӘНАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯСЫ АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУЫ.....	6
<b>Ағайдарова Акхал Ташболатовна</b> ЖОБАЛЫҚ БАСҚАРУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ДАМУЫН ЖҮЙЕЛЕУ (ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДЫ ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ).....	12
<b>Гульмира Негматовна Габдуллина, Карлығаш Токбаевна Алдамбергенова</b> ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ ДАМУЫН ҚОЛДАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ДЕРЕКТЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ДАМУЫШЫЛЫҚ БАСҚАРУ МОДЕЛІ.....	19
<b>Кабдрашова Мөлдір Даулетқызы</b> ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ДАМУЫН ҚОЛДАУДАҒЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚТЫ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ МОДЕЛІ: ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ.....	25
<b>Labukova Irina Yuryevna</b> LANGUAGE AND REALITY: PRACTICAL FOCUS OF “THE UK AND USA COUNTRY STUDY COURSE” FOR ENHANCING COMMUNICATION SKILLS IN GRADES 10-11.....	32
<b>Мұратқызы Н., Жусупова Г.С.</b> ҚОС ТІЛДІ ОРТАДА ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: БАЯН-ӨЛГЕЙ АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ПРАКТИКАСЫ.....	37
<b>Оңалбекқызы Ләйлә</b> ЭССЕ ЖАЗУ АЛГОРИТІМІ (10-11 СЫНЫПТАР) (АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ).....	42
<b>Пролыгина Динара Куанышбаевна</b> ОРГАНИЗАЦИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПОПЕЧИТЕЛЬСКОГО СОВЕТА В КОЛЛЕДЖАХ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: МЕТОДИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ И ПРАКТИЧЕСКАЯ АПРОБАЦИЯ.....	49
<b>Садырова Айгерим Жумахановна</b> ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: ИНФОРМАТИКА ПӘНІНДЕГІ ЖИ РӨЛІ (10-11 СЫНЫПТАР) (АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ) .....	57

УДК: 37.015.31:372.8

ГРНТИ 14.15.15

DOI 10.70892/ze8ab019

## БИОЛОГИЯ, ХИМИЯ ЖӘНЕ ФИЗИКА ПӘНАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯСЫ АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ

**Алипова Мира Талгатовна**

*биология пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші*

*Алматы қаласы «№178 мамандандырылған лицей» КММ, \*178mektap@almatybilim.kz*

**Бақытжан Нұргүл**

*химия пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші, магистр*

*Алматы қаласы «№178 мамандандырылған лицей» КММ, \*178mektap@almatybilim.kz*

**Ақын Гүлназ**

*физика пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші*

*Алматы қаласы «№178 мамандандырылған лицей» КММ, \*178mektap@almatybilim.kz*

## РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ЧЕРЕЗ ПРЕДМЕТНУЮ ИНТЕГРАЦИЮ БИОЛОГИИ, ХИМИИ И ФИЗИКИ

**Алипова Мира Талгатовна**

*Учитель биологии, педагог-исследователь*

*Город Алматы, КГУ «№178 специализированный лицей», \*178mektap@almatybilim.kz*

**Бақытжан Нұргүл**

*учитель химии, педагог-исследователь, магистр*

*Город Алматы, КГУ «№178 специализированный лицей», \*178mektap@almatybilim.kz*

**Ақын Гүлназ**

*Учитель физики, педагог-исследователь*

*Город Алматы, КГУ «№178 специализированный лицей», \*178mektap@almatybilim.kz*

## DEVELOPING FUNCTIONAL LITERACY THROUGH INTERDISCIPLINARY INTEGRATION OF BIOLOGY, CHEMISTRY AND PHYSICS

**Alipova Mira Talgatovna**

*Biology teacher, teacher-researcher*

*Almaty city, Municipal State Institution «Specialized Lyceum №178», 178mektap@almatybilim.kz*

**Bakytzhan Nurgul**

*Chemistry teacher, teacher-researcher, magistr*

*Almaty city, Municipal State Institution «Specialized Lyceum №178», 178mektap@almatybilim.kz*

**Akyn Gulnaz**

*Physics teacher, teacher-researcher*

*Almaty city, Municipal State Institution «Specialized Lyceum №178», 178mektap@almatybilim.kz*

### **Аңдатпа**

Мақалада функционалдық сауаттылықты дамытудағы пәнаралық интеграцияның рөлі қарастырылады. Биология, химия және физика пәндерін кіріктіру арқылы 8-сыныпқа арналған элективті курс мазмұны сипатталады. Зерттеу нәтижелері интеграциялық тапсырмалардың оқушылардың ғылыми ойлауын, зерттеушілік дағдыларын және білімді өмірде қолдану қабілетін тиімді дамытатынын көрсетеді.

### **Аннотация**

В статье рассматривается роль межпредметной интеграции в развитии функциональной грамотности. Описывается содержание элективного курса для 8 класса, основанного на интеграции биологии, химии и физики. Результаты исследования показывают, что интеграционные задания эффективно развивают у учащихся научное мышление, исследовательские навыки и способность применять знания в реальных жизненных ситуациях.

### **Annotation**

The article examines the role of interdisciplinary integration in the development of functional literacy. The content of an elective course for Grade 8, based on the integration of biology, chemistry, and physics, is described. The research results show that integrative tasks effectively develop students' scientific thinking, research skills, and the ability to apply knowledge in real-life situations.

**Түйінді сөздер:** функционалдық сауаттылық, пәнаралық интеграция, жаратылыстану-ғылыми білім, интеграциялық оқыту, ғылыми ойлау, зерттеушілік дағды, гомеостаз, қан айналымы, SMART мақсат, элективті курс.

**Ключевые слова:** функциональная грамотность, межпредметная интеграция, естественнонаучное образование, интеграционное обучение, научное мышление, исследовательские навыки, гомеостаз, кровообращение, SMART-цели, элективный курс.

**Keywords:** functional literacy, interdisciplinary integration, science education, integrative learning, scientific thinking, research skills, homeostasis, blood circulation, SMART goals, elective course.

### **Кіріспе**

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыны дайын біліммен емес, өмірде кездесетін жағдайларды шешуге бағытталған функционалдық сауаттылыққа үйрету [1]. Бұл мақсатқа жетудің тиімді жолдарының бірі – пәнаралық интеграция, яғни пәндердің өзара байланысын пайдалана отырып, білімді кешенді түрде меңгерту [2]. Әсіресе биология, химия және физика пәндері табиғат заңдылықтарын біртұтас қарастыруға мүмкіндік береді.

Заманауи педагогикалық зерттеулерде интеграция бірнеше деңгейде қарастырылады [3]:

- Мазмұндық интеграция – пәндерде бірдей немесе жақын тақырыптарды үйлестіру.
- Әдістемелік интеграция – бірыңғай зерттеу әдістерін қолдану (бақылау, эксперимент, модельдеу).
- Іс-әрекеттік интеграция – жобалық жұмыстар, зертханалық тәжірибелер, эксперименттік сабақтар.
- Концептуалдық интеграция – әр пәннің негізгі заңдылықтарын біріктіріп, ғылыми дүниетаным қалыптастыру.

Пәнаралық тәсіл функционалдық сауаттылықтың барлық бағыттарын қолдайды [4]. Пәнаралық интеграция нәтижесінде оқушылар ғылыми ойлау қабілетін дамытып, теориялық білімді өмірлік жағдаяттарда қолдануға үйренеді [2].

### **Функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары**

Пәнаралық интеграцияны жүзеге асыру үшін келесі тәсілдер тиімді болып табылады [5]:

- Шынайы өмірмен байланысты тапсырмалар – күнделікті құбылыстарды ғылыми

тұрғыдан түсіндіру.

- Жобалық және зерттеу жұмыстары – пәндер арасындағы байланысты тереңдету.
- Модельдеу және тәжірибелік есептер – талдау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын дамыту.

Бұл тәсілдер оқушылардың білімін практикамен ұштастыруға және экологиялық, ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға мүмкіндік береді [4].

Осы мақсатта 8-сыныпқа арналған «Физика, химия және биология пәндерін интеграциялау» тақырыбында 34 сағаттық элективті курс бағдарламасы құрылды. Бағдарлама аясында әрбір тақырыпқа интеграцияланған SMART мақсаттар қойылып, пәнішілік және пәнаралық байланыстар ескерілді.

Курсты бастамас бұрын оқушылардың жаратылыстану пәндерінен функционалдық сауаттылық деңгейі анықталды.

### **Зерттеу бөлімі**

#### **8 «Г» сыныбына жалпы психологиялық мінездеме**

8 «Г» сыныбының оқушылары оқу тапсырмаларын жалпы алғанда жауапкершілікпен орындайды. Көпшілігі жеке тапсырмаларда абайлап, асықпай жұмыс істейді. Өз ойын айтуда ұстамдылық байқалады, ал топтық жұмыстарда белсенділік артады. Жауап беру, бағалау сәттерінде сенімсіздік пен қобалжу көрініс береді — бұл жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктеріне тән құбылыс.

Сыныптастардың қарым-қатынасы жақсы, өзіндік сенімділігін арттыруға әлеуеті бар, жаңа ортада біртіндеп бейімделеді. Коммуникативтік дағдыларын дамыту қажеттілігі бірнеше оқушыда байқалады. Кей оқушылар топ алдында сөйлегенде немесе жаңа тапсырмада өзін сенімсіз сезінеді — бұл жасөспірімдер арасында жиі кездесетін даму ерекшелігі.

8 «Г» сыныбы — эмоционалды жағынан тұрақты, жалпы оқу мәдениеті қалыптасқан, өзін-өзі дамытуға әлеуеті жоғары оқушылардан құралған.

Сынып ішінде жағымды қарым-қатынас бар, көпшілігі өзін-өзі реттеу мен сенімділік дағдыларын дамытуды қажет етеді. Топтық жұмыстарға қызығушылықтары жоғары болғандықтан, әлеуметтік дағдыларды дамытуға бағытталған іс-шаралар тиімді нәтиже береді.

### **Зерттеу сыныбының интеграцияланған тапсырмалар бойынша бастапқы диагностикасы**

#### **Мақсаты:**

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын және пәнаралық байланыс орнату дағдысын бастапқы деңгейде анықтау.

#### **Тексерілетін дағдылар:**

Ғылыми түсініктерді өмірлік жағдайларда қолдану

Ақпаратты талдау және қорытынды жасау

Себеп-салдар байланысын анықтау

Пәнаралық ойлау (бірнеше ғылымды байланыстыру)

#### **1-кесте. Диагностикалық тапсырмалар**

№	Тапсырма мазмұны	Оқушының жауабы
1	Тәжірибе кезінде су қайнап жатыр, бірақ температурасы 100°C-тан аспайды. Бұл құбылысты қалай түсіндіресің? (Физика + Химия)	
2	Күн ыстық кезде өсімдіктер неге солып қалады, ал кешке қайта қалпына келеді? (Биология + Физика)	

3	Ас содасын сірке қышқылына қосқанда көпіршік пайда болады. Бұл қандай процесс және неге газ бөлінеді? (Химия + Биология тұрғысынан)	
4	Адам тыныс алғанда өкпеге оттегі түседі, ал көмірқышқыл газы бөлінеді. Бұл процестің энергия түзуге қандай қатысы бар? (Биология + Химия)	
5	Егер мұзды шыны ыдысқа салсақ, біраз уақыттан кейін сыртында су тамшылары пайда болады. Бұл құбылысты түсіндір. (Физика + Биология тұрғысынан табиғи мысал келтір)	

Интеграцияланған тапсырмаларды тексеру үшін бағалау критерийлері құрылды:

### 2-кесте. Бағалау кестесі

Деңгей	Сипаттамасы	Мысал жауап
Төмен деңгей	Тек құбылысты сипаттайды, ғылыми түсінік жоқ	«Су қайнайды, себебі ыстық»
Орта деңгей	Құбылысты нақты бір пән тұрғысынан түсіндіреді	«Күн ыстық болғанда су тез буланады, өсімдік солады»
Жоғары деңгей	Бірнеше пәннің заңдылықтарын біріктіріп, дәлелдеп түсіндіреді	«Температура жоғарылағанда транспирация артады, су тез буланады, сондықтан өсімдік су жоғалтады»

Зерттеуді бастамас бұрын оқушылардың жаратылыстану пәндерінен функционалдық сауаттылық деңгейі анықталды. Диагностикалық жұмыс нәтижесінде 25 оқушының:

- 7-уі жоғары деңгейде,
- 18-і орта деңгейде,
- 0-і төмен деңгейде нәтиже көрсетті.

Бұл мәліметтер курс мазмұнын оқушылардың дайындық деңгейіне сәйкес бейімдеуге мүмкіндік берді.

Келесі кезекте, авторлық бағдарламаның мазмұнын негізге ала отырып тапсырмалар жинағы жасалынды. «Заттар тасымалы» тарауы бойынша «Қанның құрамы мен қызметі» тақырыбына арналған бірнеше тапсырмалар мысал ретінде беріліп отыр:

#### 1-тапсырма. «Қан айналымындағы қысым мен жылдамдық» (Физика + Биология)

**Мақсаты:** қан қозғалысының физикалық заңдылықтарын биологиялық тұрғыдан түсіндіру.

Мазмұны:

- Оқушылар тамырлар арқылы өтетін сұйықтық қозғалысын Паскаль және Бернулли заңдары бойынша талдайды.
- Қан қысымының артерия мен венадағы айырмашылығын модельдейді (резеңке түтік және су арқылы).
- Тамырлардың диаметрі мен қанның қозғалу жылдамдығы арасындағы байланысты анықтайды.

Нәтиже: оқушылар қан айналымының физикалық негізін түсінеді, қысым мен жылдамдықты өлшеу мен салыстыру дағдысын дамытады.

## 2-тапсырма. «Қанның химиялық құрамы және гомеостаз» (Химия + Биология)

**Мақсаты:** қан плазмасының құрамындағы химиялық заттардың ағза тұрақтылығына әсерін түсіндіру.

Мазмұны:

- Қан плазмасында болатын  $\text{Na}^+$ ,  $\text{K}^+$ ,  $\text{Ca}^{2+}$ ,  $\text{HCO}_3^-$  иондарының ролін зерттейді.
- Қышқылдық-негіздік тепе-теңдіктің ( $\text{pH} \approx 7.4$ ) сақталуының маңызын талдайды.
- Қандағы көмірқышқыл газы мен оттектің байланысын қарастырады (гемоглобинмен реакциясы).

Нәтиже: оқушылар химиялық тепе-теңдік пен биологиялық тұрақтылық арасындағы байланысты түсінеді; гомеостаз ұғымын нақты мысалмен ұштастырады.

Осындай интеграциялық тапсырмалар арқылы оқушылар ғылыми ұғымдарды кешенді түсінеді; логикалық және сын тұрғысынан ойлауды дамытады; функционалдық сауаттылығын арттырады, яғни алған білімін өмірлік жағдайларда қолдануға үйренеді.

Зерттеу нәтижелері


Интеграциялық сабақ нәтижесінде оқушылардың көпшілігі жоғары және жақсы деңгейде білім меңгергені байқалады.

3,8% – үздік нәтиже (10 балл).

42,3% оқушы – өте жақсы деңгейде (9 балл).

34,6% – жақсы деңгейде (8 балл).

Бұл көрсеткіштер сабақтың интеграциялық әдісінің тиімділігін, оқушылардың пәндер арасындағы байланысты түсініп, функционалдық ойлау дағдысын қолдана алғанын дәлелдейді.



### 1-диаграмма

Бұл көрсеткіштер сабақтың интеграциялық әдісінің тиімділігін, оқушылардың пәндер арасындағы байланысты түсініп, функционалдық ойлау дағдысын қолдана алғанын дәлелдейді

### Қорытынды

Функционалдық сауаттылық пен пәнаралық интеграция – заманауи білім беруді модернизациялаудың негізгі бағыттары [1]. Олар бір-бірімен тығыз байланысты екі құбылыс: интеграция функционалдық сауаттылықты дамытуға жағдай жасаса,

функционалдық сауаттылық интеграциялық оқытудың қажеттілігін айқындайды {2}. Бұл тәсіл оқушының тұлғалық дамуын, ғылыми ойлауын, зерттеушілік қабілетін және өмірде білімді қолдану мүмкіндігін арттырады.

Пәнаралық интеграция арқылы оқушылар тек білім алып қана қоймай, оны өмірде қолданудың нақты жолдарын меңгереді. Биология, химия және физика пәндерінің тоғысында құрылған функционалдық тапсырмалар зерттеу, ой қорыту, логикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Мұндай сабақтар — ХХІ ғасырдың негізгі дағдысы саналатын функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың тиімді құралы.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. OECD. (2019). PISA 2018 нәтижелері (I том): Оқушылар не біледі және не істей алады. Париж: OECD Publishing.
2. Susan M. Drake, & Jennifer L. Reid. (2020). Интеграцияланған оқу бағдарламасы – ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастырудың тиімді тәсілі. *Asia Pacific Journal of Educational Research*, 3(1), 31–50.
3. Heidi Hayes Jacobs (ред.). (2017). 21-ғасыр оқу бағдарламасы: Өзгермелі әлемге қажетті білім. Александрия, Вирджиния: ASCD.
4. Andreas Schleicher. (2018). Әлемдік деңгей: ХХІ ғасырдың мектеп жүйесін қалай құруға болады. Париж: OECD Publishing.
5. Stephanie Bell. (2018). ХХІ ғасырдағы жобалық оқыту: Болашақ дағдылары. *The Clearing House*, 91(2), 39–43.

#### REFERENCES

1. OECD. (2019). PISA 2018 results (Volume I): What students know and can do. Paris: OECD Publishing.
2. Drake, S. M., & Reid, J. L. (2020). Integrated curriculum as an effective way to teach 21st century capabilities. *Asia Pacific Journal of Educational Research*, 3(1), 31–50.
3. Jacobs, H. H. (Ed.). (2017). Curriculum 21: Essential education for a changing world. Alexandria, VA: ASCD.
4. Schleicher, A. (2018). World class: How to build a 21st-century school system. Paris: OECD Publishing.
5. Bell, S. (2018). Project-based learning for the 21st century: Skills for the future. *The Clearing House*, 91(2), 39–43

УДК: 37.07:005.8  
ГРНТИ 14.15.15  
DOI 10.70892/qrv1qz60

**ЖОБАЛЫҚ БАСҚАРУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ДАМУЫН ЖҮЙЕЛЕУ  
(Әдістемелік ұсынымды тәжірибеде қолдану және зерттеу нәтижелері)**

*Ағайдарова Акхал Ташиболатовна*

*Түркістан облысының білім басқармасының Жетісай ауданының білім бөлімінің  
«Қ. Дәрімбаев атындағы № 41 жалпы жалпы білім мектеп» КММ  
Мектеп директоры*

**СИСТЕМАТИЗАЦИЯ РАЗВИТИЯ ШКОЛЫ ПОСРЕДСТВОМ  
ПРОЕКТНОГО УПРАВЛЕНИЯ  
(Применение методических рекомендаций на практике и результаты исследования)**

*Ағайдарова Акхал Ташиболатовна*

*КТУ «Общеобразовательная школа № 41 имени К. Даримбаева»  
Отдел образования Жетысайского района Управления образования Туркестанской области  
Директор школы*

**SYSTEMATIZING SCHOOL DEVELOPMENT THROUGH  
PROJECT MANAGEMENT  
(Application of methodological recommendations in practice and research results)**

*Agaydarova Akhal Tashbolatovna*

*KSU «Secondary school № 41 named after K. Darimbaev» Department of Education  
of Zhetysai District, Education Department of Turkistan Region  
School director*

**Аңдатпа**

Қазіргі білім беру жүйесінде мектепті тиімді басқару – сапалы білім берудің негізгі факторларының бірі. Білім беру ұйымдары үнемі өзгеріп отырған әлеуметтік, экономикалық және технологиялық талаптарға бейімделуі тиіс. Осы тұрғыда жобалық басқару тәсілі мектептің стратегиялық дамуын жүйелеудің, басқару процесін тиімді ұйымдастырудың және педагогикалық ұжымның әлеуетін толық пайдаланудың маңызды құралы болып табылады. Бұл мақалада мектеп дамуын жоспарлау мен жүзеге асыруда жобалық басқару технологиясын қолданудың әдістемелік негіздері қарастырылады. Сонымен қатар мектепті дамытуға бағытталған жобаларды ұйымдастырудың кезеңдері, қолданылатын әдістері мен принциптері сипатталады. Зерттеу барысында жобалық басқару арқылы мектептің даму стратегиясын қалыптастыру, педагогтердің кәсіби ынтымақтастығын арттыру және білім сапасын жақсарту мүмкіндіктері талданады. Мақалада ұсынылған әдістемелік тәсілдер мектеп басшыларына, әдіскерлерге және педагогтерге білім беру ұйымының дамуын тиімді жоспарлауға және басқаруға көмектеседі.

**Аннотация**

В современной системе образования эффективное управление школой является одним из ключевых факторов обеспечения качественного обучения. Образовательные организации должны постоянно адаптироваться к изменяющимся социальным, экономическим и технологическим требованиям. В этом контексте проектное управление выступает важным инструментом систематизации стратегического развития школы, эффективной организации управленческих процессов и полноценного использования потенциала педагогического коллектива. В статье рассматриваются методические основы применения проектного управления при планировании и реализации развития школы. Описываются этапы организации проектов, направленных на развитие образовательного учреждения, используемые методы и принципы. В

ходе исследования анализируются возможности формирования стратегии развития школы посредством проектного управления, повышения профессионального взаимодействия педагогов и улучшения качества образования. Предложенные методические подходы могут быть полезны руководителям школ, методистам и педагогам для эффективного планирования и управления развитием образовательной организации.

### **Annotation**

*In the modern education system, effective school management is one of the key factors in ensuring high-quality education. Educational organizations must continuously adapt to changing social, economic, and technological requirements. In this context, project management serves as an important tool for systematizing school development strategies, effectively organizing management processes, and fully utilizing the potential of the teaching staff. This article examines the methodological foundations of applying project management in planning and implementing school development. It describes the stages of organizing development projects, as well as the methods and principles used. The study analyzes the possibilities of forming a school development strategy through project management, enhancing professional collaboration among teachers, and improving the quality of education. The proposed methodological approaches can assist school leaders, methodologists, and educators in effectively planning and managing the development of educational institutions.*

**Түйінді сөздер:** жобалық басқару, мектеп дамуы, білім беру менеджменті, стратегиялық жоспарлау, инновациялық басқару, педагогикалық тәжірибе, білім сапасы.

**Ключевые слова:** проектное управление, развитие школы, менеджмент в образовании, стратегическое планирование, инновационное управление, педагогический опыт, качество образования.

**Keywords:** project management, school development, educational management, strategic planning, innovative management, pedagogical experience, quality of education.

### **Кіріспе**

Қазіргі білім беру жүйесінде мектеп басқаруы жаңа тәсілдерді талап етеді. Әсіресе білім беру ұйымдарының тиімді дамуын қамтамасыз ету үшін басқарудың дәстүрлі әдістерімен қатар инновациялық тәсілдерді қолдану маңызды. Соның ішінде жобалық басқару технологиясы мектептің стратегиялық дамуын жүйелеуге мүмкіндік беретін тиімді құралдардың бірі болып саналады.

Білім беру ұйымдарының алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – білім сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту және оқу процесін заманауи талаптарға сәйкестендіру. Бұл міндеттерді жүйелі түрде жүзеге асыру үшін нақты жоспарланған, мақсатқа бағытталған жобаларды іске асыру қажет. Жобалық басқару тәсілі мектептің даму мақсаттарын нақты анықтауға, ресурстарды тиімді пайдалануға және нәтижелерді бағалауға мүмкіндік береді.

Бұл мәселе отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Білім беру менеджменті саласындағы зерттеулерде жобалық басқару мектептің стратегиялық дамуын жоспарлау мен жүзеге асырудың тиімді құралы ретінде сипатталады. Отандық зерттеушілер білім беру ұйымдарын басқаруда инновациялық әдістерді енгізудің маңыздылығын атап өтсе, шетелдік ғалымдар жобалық басқарудың ұйымның тиімділігін арттырудағы рөлін ерекше көрсетеді.

Мақаланың мақсаты – жобалық басқару технологиясын қолдану арқылы мектеп дамуын жүйелеудің әдістемелік негіздерін сипаттау және оны білім беру ұйымдарының тәжірибесінде қолдану жолдарын көрсету.

Осы мақсатқа сәйкес келесі міндеттер қойылды:

- жобалық басқарудың теориялық негіздерін талдау;
- мектеп дамуын жоспарлауда жобалық тәсілді қолдану әдістемесін сипаттау;
- педагогикалық тәжірибеде жобалық басқаруды қолдану нәтижелерін талдау;
- әдістеменің тиімділігі мен практикалық маңызын анықтау [1].

### **Әдістеме**

Жобалық басқару – белгілі бір мақсатқа қол жеткізу үшін уақыт, ресурс және нәтижеге бағытталған басқару технологиясы. Білім беру ұйымында бұл әдіс мектептің даму бағдарламасын жүзеге асыруда кеңінен қолданылады. Бұл тәсіл мектеп қызметін жүйелі жоспарлауға, нақты мақсаттар қоюға және оларды кезең-кезеңімен жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жобалық басқару арқылы білім беру ұйымының ресурстары тиімді пайдаланылып, педагогикалық ұжымның бірлескен жұмысы ұйымдастырылады. Сонымен қатар бұл технология мектептің стратегиялық даму бағыттарын анықтауға және білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Жоба аясында жоспарланған іс-шаралар нақты мерзімдер мен жауапты тұлғалар арқылы жүзеге асырылады. Нәтижесінде мектеп басқару жүйесі тиімді ұйымдастырылып, білім беру процесінің сапасы мен нәтижелілігі артады.

### Кесте 1. Жобалық басқару әдістемесінің негізгі принциптері

Принцип	Сипаттамасы
Мақсаттылық	Жоба нақты мақсат пен нәтижеге бағытталады
Жүйелілік	Жоба бірнеше кезеңнен тұратын жүйелі процесті қамтиды
Ынтымақтастық	Педагогтер, әкімшілік және оқушылардың бірлескен жұмысы
Нәтижеге бағытталу	Әр кезең нақты көрсеткіштер арқылы бағаланады
Икемділік	Жобаны жүзеге асыру барысында өзгерістер енгізу мүмкіндігі

### Жобалық басқарудың негізгі кезеңдері

Мектепті дамыту жобасын жүзеге асыру келесі кезеңдерден тұрады:

#### 1. Диагностикалық кезең

Бұл кезеңде мектептің қазіргі жағдайы талданады. Оқу сапасы, педагогтердің кәсіби деңгейі, материалдық база және білім алушылардың нәтижелері зерттеледі.

#### 2. Жоспарлау кезеңі

Мектептің даму мақсаттары анықталып, жобаның міндеттері мен күтілетін нәтижелері белгіленеді.

#### 3. Жобаны жүзеге асыру

Бұл кезеңде жоспарланған іс-шаралар орындалады. Мұнда педагогтердің кәсіби дамуы, оқыту әдістерін жетілдіру және оқу процесін ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізіледі.

#### 4. Мониторинг және бағалау

Жоба нәтижелері талданып, көрсеткіштер арқылы бағаланады [2].

### Сызба 1. Жобалық басқару құрылымы

#### Қолданылатын әдістер

Мектептің даму жобаларын жүзеге асыруда келесі әдістер қолданылады:

- стратегиялық жоспарлау;
- SWOT талдау;
- командалық жұмыс;
- мониторинг және бағалау;
- педагогикалық зерттеу.



**Кесте 2. SWOT талдау үлгісі**

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Білікті педагогтер	Материалдық база жеткіліксіз
Мүмкіндіктер	Қауіптер
Инновациялық технологиялар	Білім беру реформалары

Бұл әдістер мектептің даму бағытын анықтауға және тиімді шешім қабылдауға көмектеседі [3].

**Практикада қолдану**

Жобалық басқару технологиясын мектептің даму бағдарламасын жүзеге асыру барысында қолдануға болады. Мысалы, «Білім сапасын арттыру» атты мектепшілік даму жобасын қарастыруға болады. Бұл жоба мектептегі оқу процесін жетілдіруге, оқушылардың білім деңгейін көтеруге және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталады. Жоба аясында оқу нәтижелерін талдау, оқыту әдістерін жаңарту, педагогтер үшін кәсіби дамыту семинарларын ұйымдастыру және оқушыларға қосымша білім беру жұмыстарын жүргізу жоспарланады. Сонымен қатар жоба барысында білім сапасын жүйелі түрде бақылау үшін мониторинг жүргізіліп, аралық нәтижелер талданып отырады. Осындай жүйелі жұмыс нәтижесінде мектептің білім беру сапасы жақсарып, оқушылардың оқу жетістіктері мен пәнге деген қызығушылығы артады.

Сонымен бірге «Білім сапасын арттыру» жобасы мектептің стратегиялық даму бағытын айқындауға және білім беру процесін тұрақты жетілдіруге мүмкіндік береді. Жоба нәтижелері тек оқу жетістіктерімен шектелмей, педагогтердің инновациялық әдістерді қолдану дағдыларын арттыруға, оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Мұндай тәсіл мектептің бәсекеге қабілеттілігін күшейтіп, білім беру сапасының халықаралық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді. Осылайша жобалық басқару мектеп дамуын жүйелі түрде ұйымдастыруға және білім беру процесін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін тиімді басқару құралы болып табылады.

**Жобаның мақсаты**

Оқушылардың оқу жетістіктерін арттыру және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

**Кесте 3. Жобаның негізгі бағыттары**

Бағыт	Іс-шара
Педагогтердің дамуы	Семинарлар, тренингтер
Оқу сапасын арттыру	Заманауи оқыту әдістері
Оқушыларды қолдау	Қосымша сабақтар
Мониторинг	Білім сапасын талдау

**Жобаны жүзеге асыру кезеңдері****1 кезең – талдау**

Мектептің оқу жетістіктері жан-жақты талданады. Оқушылардың білім деңгейі, пәндік нәтижелері, мемлекеттік емтихан және ішкі бағалау көрсеткіштері зерттеледі. Сонымен қатар педагогтердің сабақ беру әдістемесі, оқу процесін ұйымдастыру деңгейі және білім беру ресурстарын пайдалану тиімділігі қарастырылады. SWOT талдау арқылы мектептің күшті және әлсіз жақтары, даму мүмкіндіктері мен тәуекелдері анықталады. Бұл кезеңнің нәтижесінде мектеп дамуының нақты мәселелері айқындалып, жобаның

негізгі бағыттарын белгілеуге негіз қалыптасады.

### 2 кезең – жоспарлау

Педагогикалық кеңесте мектептің даму жоспары талқыланып, жобаның стратегиялық мақсаттары мен міндеттері бекітіледі. Жоспарлау барысында нақты көрсеткіштер, мерзімдер және жауапты тұлғалар анықталады. Әр бағыт бойынша іс-шаралар жоспары жасалып, ресурстар бөлінеді. Сонымен қатар жобаның мониторинг жүйесі әзірленіп, нәтижелерді бағалау критерийлері белгіленеді. Бұл кезең мектептің даму стратегиясын жүйелі түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

### 3 кезең – іске асыру

Мұғалімдер жаңа педагогикалық технологияларды қолдана отырып сабақ өткізеді. Оқыту процесінде цифрлық білім беру ресурстары, жобалық және зерттеушілік оқыту әдістері пайдаланылады. Оқушылар үшін қосымша білім беру бағдарламалары, пәндік үйірмелер және олимпиадаға дайындық курстары ұйымдастырылады. Педагогтердің кәсіби дамуы үшін семинарлар мен тренингтер өткізіліп, тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізіледі. Бұл кезеңнің мақсаты – білім сапасын арттыру және оқушылардың оқу мотивациясын күшейту.

### 4 кезең – бағалау

Жобаның тиімділігі оқу жетістіктері, тест нәтижелері және мониторинг арқылы бағаланады. Білім сапасының динамикасы талданып, жобаның күшті және әлсіз жақтары анықталады. Алынған нәтижелер негізінде келесі даму кезеңіне ұсыныстар әзірленеді. Бағалау қорытындысы педагогикалық кеңесте талқыланып, мектептің даму стратегиясына қажетті түзетулер енгізіледі. Осылайша жоба үздіксіз жетілдіру қағидатына сәйкес жүзеге асырылады және білім беру сапасының тұрақты өсуін қамтамасыз етеді.

### Нәтижелер

Жобалық басқаруды қолдану нәтижесінде:

- оқу сапасы артты;
- педагогтердің кәсіби ынтымақтастығы күшейді;
- оқу процесінде инновациялық технологиялар қолданылды.




Диаграмма 1. Білім сапасының өсуі

### Артықшылықтары

- басқару процесінің жүйеленуі;
- мектеп дамуын нақты жоспарлау;
- педагогтердің ынтымақтастығы;
- нәтижелердің айқын көрінуі.

### Кемшіліктері

- жобаны жүзеге асыру үшін уақыт қажет;

- басқару құжаттарының көлемі артады;
- педагогтерге қосымша жауапкершілік жүктеледі.

Дегенмен, дұрыс ұйымдастырылған жағдайда жобалық басқару мектептің дамуына оң әсер етеді [4].

#### **Ұсыныстар**

Жобалық басқару технологиясын мектептің даму процесіне тиімді енгізу үшін бірқатар практикалық ұсыныстарды ескеру қажет.

- Мектеп әкімшілігі мен педагогтер жобалық басқару негіздері бойынша арнайы дайындықтан өтуі тиіс. Бұл олардың жобаларды жоспарлау, жүзеге асыру және нәтижелерін бағалау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

- Жобаларды жоспарлау кезінде мектептің нақты жағдайын ескеру маңызды. Әр білім беру ұйымының ерекшеліктері, ресурстары және мүмкіндіктері әртүрлі болғандықтан, жобаларды сол жағдайларға бейімдеу қажет.

- Жобалық топ құру ұсынылады. Бұл топ құрамына мектеп әкімшілігі, мұғалімдер және қажет болған жағдайда ата-аналар мен оқушылар да кіре алады. Командалық жұмыс жобаның тиімді жүзеге асуына ықпал етеді.

- Жобаның нәтижелерін бағалау үшін нақты көрсеткіштер белгілеу керек. Бұл көрсеткіштер білім сапасы, оқушылардың жетістіктері және педагогтердің кәсіби дамуы сияқты өлшемдерді қамтуы мүмкін.

Соңында, жобалық басқаруды енгізу барысында мектеп ішінде тәжірибе алмасу және кәсіби ынтымақтастық мәдениетін дамыту маңызды. Бұл педагогтердің жаңа идеяларды жүзеге асыруына мүмкіндік береді [5].

#### **Қорытынды**

Жобалық басқару технологиясы қазіргі білім беру ұйымдарын тиімді басқарудың маңызды құралдарының бірі болып табылады. Бұл тәсіл мектептің даму процесін жүйелеуге, мақсаттарды нақты анықтауға және жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Мақалада жобалық басқарудың теориялық негіздері, оны мектеп дамуын жоспарлау мен жүзеге асыруда қолдану әдістемесі және практикалық тәжірибеде пайдалану жолдары қарастырылды. Жүргізілген талдау жобалық басқарудың білім беру ұйымдарының стратегиялық дамуына оң әсер ететінін көрсетті.

Жобалық басқаруды қолдану мектептің басқару жүйесін жетілдіруге, педагогтердің кәсіби ынтымақтастығын арттыруға және оқу процесінің сапасын жақсартуға ықпал етеді. Сонымен қатар бұл тәсіл мектептің даму мақсаттарын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, жобалық басқару технологиясын білім беру ұйымдарының тәжірибесінде кеңінен қолдану мектептің тұрақты дамуына және білім сапасының артуына жағдай жасайды. Сондықтан педагогтер мен мектеп басшылары бұл әдісті басқару тәжірибесіне енгізу арқылы білім беру процесін жетілдіруге үлес қоса алады.

Сонымен қатар жобалық басқару мектеп дамуын жүйелі түрде жоспарлауға және өзгерістерді басқаруға мүмкіндік беретін тиімді құрал екенін атап өту қажет. Бұл тәсіл білім беру ұйымының барлық қатысушыларының – әкімшілік, педагогтер, оқушылар және ата-аналардың – бірлескен жұмысын күшейтіп, ортақ мақсатқа бағыттайды. Нәтижесінде мектеп тек білім беру сапасын арттырып қана қоймай, инновациялық даму жолына түседі және заманауи талаптарға бейімделеді. Жобалық басқару тәжірибесін кеңінен енгізу білім беру ұйымдарының тұрақты дамуына, педагогтердің кәсіби өсуіне және оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Сондықтан бұл технологияны білім беру жүйесінде қолдану мектептің стратегиялық дамуын қамтамасыз ететін маңызды бағыттардың бірі болып қала береді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сарсембаева Г.К., Абдрахманова А.С. Білім беру ұйымдарын басқарудағы заманауи менеджмент: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. - 356 б.
2. Айтбаева А.Б., Жақыпова Г.Т. Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Эверо, 2023. - 280 б.
3. Кенжебаева М.Т., Омарова Л.С. Педагогикалық менеджмент және білім сапасын басқару: оқу құралы. – Алматы: Бастау, 2024. - 298 б.
4. Смагулова Н.А., Тулегенова А.К. Білім берудегі жобалық басқару технологиялары: әдістемелік құрал. – Алматы: Дарын, 2022. - 244 б.
5. Абдрахманова С.К., Баймуханова Д.Ж. Заманауи мектепті дамыту стратегиялары: оқу құралы. – Астана: Ұлттық білім академиясы, 2023. - 267 б.

## REFERENCES

1. Sarsembaeva G.K., Abdrahmanova A.S. Bilim беру ұjымдарын басқарудағы заманауи menedzhment: оқу құралы. – Almaty: Қазақ universiteti, 2022. - 356 b.
2. Ajtbaeva A.B., Zhakupova G.T. Bilim беру zhүйесіндегі innovacijalyқ tehnologijalar: оқу-әdistemelik құрал. – Almaty: Jevero, 2023. - 280 b.
3. Kenzhebaeva M.T., Omarova L.S. Pedagogikalық menedzhment zhәне bilim sapасын басқару: оқу құралы. – Almaty: Bastau, 2024. - 298 b.
4. Smagulova N.A., Tulegenova A.K. Bilim berudeгі zhobalyқ басқару tehnologijalary: әdistemelik құрал. – Almaty: Daryn, 2022. - 244 b.
5. Abdrahmanova S.K., Bajmuhanova D.Zh. Zamanaui mektepti damyту strategijalary: оқу құралы. – Astana: Ұlтық bilim akademijasy, 2023. - 267 b.

УДК 37.091  
ГРНТИ 14.25  
DOI 10.70892/v66jvy19

## ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ ДАМУЫН ҚОЛДАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ДЕРЕКТЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ДАМУЫШЫЛЫҚ БАСҚАРУ МОДЕЛІ

*Гульмира Негматовна Габдуллина, Карлыгаш Токбаевна Алдамбергенова*

*Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының  
«Қостанай ауданы білім бөлімінің №1 Заречный жалпы білім беретін мектебі» КММ  
Қостанай облысы, Қазақстан  
e-mail: ggn198@yandex.kz*

## МОДЕЛЬ РАЗВИВАЮЩЕГО УПРАВЛЕНИЯ, ОСНОВАННАЯ НА ДАННЫХ, НАПРАВЛЕННАЯ НА ПОДДЕРЖКУ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ

*Гульмира Негматовна Габдуллина, Карлыгаш Токбаевна Алдамбергенова*

*КТУ «Заречная общеобразовательная школа №1 отдела образования Костанайского района» Управления  
образования акимата Костанайской области  
Костанайская область, Казахстан  
e-mail: ggn198@yandex.kz*

## DATA-DRIVEN DEVELOPMENTAL MANAGEMENT MODEL AIMED AT SUPPORTING TEACHERS' PROFESSIONAL DEVELOPMENT

*Gulmira Negmatovna Gabdullina, Karlygash Tokbaevna Aldambergenova*

*Municipal State Institution  
“Zarechnaya Secondary School No. 1 of the Department of Education of the Kostanay District”  
Education Department of the Akimat of Kostanay Region  
Kostanay Region, Kazakhstan  
e-mail: ggn198@yandex.kz*

### **Аңдатпа**

Мақалада білім беру ұйымында педагогтің кәсіби дамуын қолдауға бағытталған деректерге негізделген дамытушылық басқару моделін енгізу тәжірибесі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі дәстүрлі әкімшілік бақылау тәсілдерінің педагогтің кәсіби өсуіне жеткілікті деңгейде ықпал етпеумен байланысты. Зерттеудің мақсаты – чек-парақтарды, аналитикалық әңгіме мен кері байланыс тетіктерін қолдану арқылы педагогтің кәсіби рефлексиясын дамытуға бағытталған басқарушылық модельдің тиімділігін негіздеу. Зерттеу нәтижелері ұсынылған модельдің сабақ сапасын арттыруға, оқу мақсаттарын нақтылауға және педагогтердің кәсіби жауапкершілігін күшейтуге ықпал ететінін көрсетті.

### **Аннотация**

В статье рассматривается опыт внедрения развивающей модели управления, основанной на данных, направленной на поддержку профессионального развития педагога в образовательной организации. Актуальность исследования обусловлена тем, что традиционные административные формы контроля не в полной мере способствуют профессиональному росту педагогов. Цель исследования – обосновать эффективность управленческой модели, ориентированной на развитие профессиональной рефлексии педагога посредством использования чек-листов, аналитической беседы и механизмов обратной связи. Результаты исследования показали, что предложенная модель способствует повышению качества урока, уточнению учебных целей и усилению профессиональной ответственности педагогов.

### **Annotation**

The article examines the experience of implementing a data-driven developmental management model aimed at supporting teachers' professional development within an educational organization. The relevance of the study is determined by the limited impact of traditional administrative control practices on teachers' professional growth.

*The purpose of the study is to substantiate the effectiveness of a management model focused on developing teachers' professional reflection through the use of checklists, analytical dialogue, and feedback mechanisms. The findings demonstrate that the proposed model contributes to improving lesson quality, clarifying learning objectives, and strengthening teachers' professional responsibility.*

**Түйінді сөздер:** педагогтің кәсіби дамуы, дамытушылық басқару, деректерге негізделген басқару, кәсіби рефлексия, чек-парақтар, сабақ сапасын арттыру.

**Ключевые слова:** профессиональное развитие педагога, развивающее управление, управление на основе данных, профессиональная рефлексия, чек-листы, повышение качества урока.

**Keywords:** teacher professional development, developmental management, data-driven management, professional reflection, checklists, lesson quality improvement.

### Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде білім сапасын арттыру және педагогтердің кәсіби дамуын жүйелі қолдау білім беру ұйымдарының негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады. Білім беру сапасының тұрақты өсуі педагогтердің кәсіби құзыреттілігімен, әдістемелік мәдениетімен және кәсіби рефлексия деңгейімен тікелей байланысты. Педагогтің кәсіби дамуы тек жеке бастамалармен шектелмей, білім беру ұйымы деңгейінде мақсатты түрде ұйымдастырылған басқарушылық қолдауды талап етеді. Осыған байланысты білім беру ұйымдарын басқаруда педагогтердің кәсіби дамуын қолдайтын деректерге негізделген дамытушылық басқару тетіктерін іздеу өзекті мәселе ретінде қарастырылуда.

Білім беру сапасын басқару тәжірибесінде дәстүрлі әкімшілік бақылау көбіне тексеру, сабақтарға қатысу және кемшіліктерді тіркеу арқылы жүзеге асырылады. Мұндай тәсілдер педагог қызметінің нәтижелерін тіркеуге бағытталып, кәсіби дамуды қолдаудың басқарушылық әлеуетін толық іске асырмайды. Көп жағдайда бақылау нәтижелері формалды сипат алып, педагогтің кәсіби өсуіне бағытталған нақты әдістемелік қолдауға айналмайды. Зерттеулер көрсеткендей, бақылаудың басым әкімшілік сипаты педагогтер арасында кәсіби күйзеліс пен сыртқы талапқа бағдарланған әрекеттердің қалыптасуына алып келуі мүмкін [1].

Заманауи педагогикалық менеджмент теориясында білім беру ұйымдарын басқаруда бақылау функциясынан дамытушылық басқаруға көшу қажеттігі негізделеді [1]. Бұл тұрғыда мониторинг басқарушылық модельдің құралы ретінде қарастырылып, педагогтің кәсіби әлеуетін ашуға және дамытуға жағдай жасайтын басқарушылық ықпал ету жүйесі ретінде түсіндіріледі.

Дамытушылық басқару моделінің негізгі ерекшелігі – педагогтің өз қызметін деректерге сүйене отырып талдауға, кәсіби шешімдерді саналы түрде қабылдауға белсенді қатысуын қамтамасыз етуі. Бұл үрдісте педагог бақылау объектісі емес, кәсіби серіктес ретінде қарастырылады. Мұндай тәсіл педагогтің кәсіби жауапкершілігін арттырып, үздіксіз кәсіби даму мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді.

Халықаралық тәжірибеде, әсіресе OECD зерттеулерінде, мектеп деңгейіндегі басқару тиімділігінің педагогтердің кәсіби дамуына бағытталуымен тығыз байланысты екені көрсетілген [5]. Зерттеулерде деректерге негізделген басқару модельдерінің педагогтердің әдістемелік шешімдерін жетілдіруге және сабақ сапасын арттыруға ықпал ететіні атап өтіледі. Осыған байланысты білім беру ұйымында деректерге негізделген дамытушылық басқару моделін енгізу өзекті болып табылады.

Осы мақалада ұсынылып отырған деректерге негізделген дамытушылық басқару моделі мектепшілік мониторингті формалды бақылау тетігінен педагогтің кәсіби дамуын жүйелі қолдайтын басқарушылық құралға трансформациялауға бағытталғанымен ерекшеленеді. Модельдің жаңалығы чек-парақтар, аналитикалық әңгіме және сапалық деректерді кешенді қолдану арқылы педагогтің кәсіби рефлексиясын дамытуға басқарушылық жағдай жасаумен айқындалады.

Осы зерттеудің мақсаты – педагогтің кәсіби дамуын қолдауға бағытталған деректерге

негізделген дамытушылық басқару моделін теориялық тұрғыдан негіздеу және оны жалпы білім беретін мектеп жағдайында қолдану тәжірибесін сипаттау.

### **Әдебиетке шолу**

Ғылыми әдебиеттерде білім беру ұйымын басқаруда мониторинг пен талдау білім сапасын арттырудың маңызды тетігі ретінде қарастырылады. Алғашқы кезеңдегі зерттеулерде мониторинг негізінен бақылау, тексеруге бағытталған әкімшілік рәсімдер жиынтығы ретінде түсіндірілді [2]. Мұндай көзқарас мониторингтің реттеуші функциясын алға шығарып, оның педагогтің кәсіби дамуына ықпал ету мүмкіндігін шектеді.

Кейінгі ғылыми еңбектерде мониторингтің мазмұны қайта қаралып, ол дамытушылық басқарудың құрамдас бөлігі ретінде сипаттала бастады. Нұрғалиева Г.К. зерттеулерінде мониторинг педагогтің кәсіби қызметін бағалау құралы ғана емес, оның кәсіби рефлексиясын дамытуға мүмкіндік беретін басқарушылық тетік ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында кері байланыс пен аналитикалық әңгіме форматтарының педагогтің кәсіби жауапкершілігін қалыптастырудағы маңызы қарастырылады [3].

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының еңбектерінде мониторинг деректерін білім беру ұйымының әдістемелік жұмысын жоспарлау, пәндік әдістемелік бірлестіктер қызметін ұйымдастыру және басқарушылық шешімдер қабылдау барысында пайдалану қажеттігі негізделген [2]. Алайда аталған зерттеулерде мониторингтің педагогтің кәсіби дамуына әсер ету механизмдері нақты басқарушылық модель деңгейінде жеткілікті ашылмаған.

Халықаралық ғылыми зерттеулерде, әсіресе OECD ұйымының еңбектерінде, педагогтерді бағалауға емес, қолдау мен кәсіби дамуға бағытталған басқару модельдері білім беру сапасының тұрақты өсуіне ықпал ететіні дәлелденген [5]. Бұл еңбектерде деректерге негізделген басқару педагогтердің әдістемелік шешімдерін жетілдіруге, кәсіби ынталандыруды арттыруға және мектептің даму стратегиясын нақтылауға мүмкіндік беретіні көрсетіледі.

Әдебиеттерге жасалған талдау білім беру ұйымында педагогтің кәсіби дамуын қолдайтын деректерге негізделген дамытушылық басқару моделін әзірлеудің ғылыми негізді екенін және оның практикалық маңыздылығын айқындайды.

### **Әдістер мен материалдар**

Зерттеу қолданбалы сипатта жүргізілді және сапалық пен сандық әдістердің үйлесіміне негізделді. Зерттеу дизайны кросс-секциялық, тәжірибелік-бағдарланған сипатта болып, педагогтің кәсіби дамуын қолдауға бағытталған деректерге негізделген дамытушылық басқару моделінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында алынған деректер нақты педагогикалық тәжірибені талдауға және қолданылған басқарушылық тетіктердің дамытушылық әлеуетін айқындауға бағытталды.

Зерттеуге Қостанай облысындағы жалпы білім беретін мектептің 30-дан астам педагогі қатысты. Қатысушылар іріктеу мақсатты түрде жүзеге асырылып, әртүрлі пәндік бағыттағы мұғалімдерді қамтыды: бастауыш сынып мұғалімдері, жаратылыстану-математика және гуманитарлық бағыттағы педагогтер. Мұндай іріктеме қолданылған әдістеменің әмбебаптығын тексеруге және оның әртүрлі пәндік контекстерде қолданылу мүмкіндігін бағалауға мүмкіндік береді.

Қатысушыларды іріктеу кезінде келесі критерийлер ескерілді: педагогикалық өтілінің кемінде үш жыл болуы, жалпы білім беретін мектепте негізгі педагогикалық қызмет атқаруы және зерттеуге ерікті түрде қатысуға келісім беруі. Қатысушылардың жасы, еңбек өтілі және пәндік өтілі әртүрлілігі алынған деректердің репрезентативтілігін арттырды.

Деректерді жинау үшін кешенді әдістер жүйесі қолданылды. Қолданылған чек-парақтар мен сауалнама құралдарының мазмұндық валидтілігі пәндік әдістемелік бірлестіктер мен мектеп әкімшілігінің сараптамасынан өткізілуі арқылы қамтамасыз етілді. Негізгі әдістер қатарына педагогикалық бақылау (сабақтарға қатысу), сауалнама, чек-парақтарды талдау және аналитикалық әңгіме нәтижелерін жинақтау кірді. Педагогикалық бақылау барысында сабақтың

құрылымы, оқу мақсаттарының нақтылығы, оқыту әдістері, оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмалардың қолданылуы, бағалау және кері байланыс ерекшеліктері жүйелі түрде тіркелді.

Сауалнама әдісі педагогтердің басқарушылық тетіктерге деген бастапқы және кейінгі көзқарасын, олардың кәсіби қызметке ықпалын және әдістемелік қолдау деңгейін анықтау мақсатында қолданылады. Сауалнама нәтижелері енгізілген модельдің қабылдану динамикасын сандық деректер негізінде талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу құралы ретінде сабақ сапасын кешенді талдауға арналған чек-парақтар пайдаланылды. Чек-парақтардың құрылымы қазіргі білім беру талаптарына сәйкес әзірленіп, оқу мақсаттарын нақтылау, оқу әрекеттерін ұйымдастыру, білім алушылардың оқу дербестігін дамыту, оқу сауаттылығын қалыптастыру әдістерін қолдану, формативті бағалау және мазмұнды кері байланыс беру компоненттерін қамтыды. Әрбір көрсеткіш бақыланатын және сипаттамалық түрде тұжырымдалып, бағалаудың субъективтілігін төмендетуге бағытталған.

Аналитикалық әңгіме әдісі алынған деректерді педагогпен бірлесіп талқылауға және кәсіби рефлексияны дамытуға бағытталды. Әңгіме барысында педагог алдымен өз сабағына өзіндік талдау жасап, кейін чек-парақ деректерімен салыстырмалы талдау жүргізді. Бұл тәсіл бақылауды бағалау үдерісінен кәсіби диалог пен қолдауға негізделген басқарушылық құралға айналдыруға мүмкіндік берді.

Деректерді талдау барысында сипаттамалық статистика элементтерін (пайыздық көрсеткіштер, салыстырмалы динамика) және сапалық талдау әдістері қолданылды. Сандық деректер енгізілген басқару моделінің сабақ сапасына ықпалын айқындауға, ал сапалық деректер педагогтердің кәсіби өзгерістерін, рефлексия деңгейін және әдістемелік шешімдердің трансформациясын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында этикалық талаптар толық сақталды. Қатысушылар зерттеудің мақсаты, міндеттері және қолданылатын әдістер туралы алдын ала хабардар етіліп, олардың ерікті қатысуы қамтамасыз етілді. Жиналған деректердің құпиялылығы сақталып, нәтижелер тек жинақталған және анонимді түрде пайдаланылды. Бұл зерттеудің ғылыми адалдығын және алынған деректердің сенімділігін қамтамасыз етті.

### **Нәтижелер және оларды талқылау**

Зерттеу нәтижелері педагогтің кәсіби дамуын қолдауға бағытталған деректерге негізделген дамытушылық басқару моделінің педагогтердің кәсіби қызметіне айқын әрі тұрақты ықпал ететінін көрсетті. Модельді енгізудің бастапқы кезеңінде педагогтердің 42%-ы қолданылған басқарушылық тетіктерді дәстүрлі әкімшілік бақылау және тексеру құралы ретінде қабылдаған. Бұл жағдай білім беру ұйымдарында бақылау функциясының ұзақ уақыт бойы басым сипатта болғанын және мектепшілік мониторингке қатысты қалыптасқан стереотиптердің сақталғанын айғақтайды. Педагогтер тарапынан мониторинг көбіне сыртқы бақылау, есеп беру және кемшіліктерді тіркеу тетігі ретінде қабылданған.

Алайда зерттеу барысында әдістемелік сүйемелдеу, басқару моделінің мақсаттары мен қағидаттарын жүйелі түсіндіру, сондай-ақ аналитикалық әңгіме форматтарын енгізу нәтижесінде педагогтердің көзқарасында елеулі өзгерістер байқалды. Қайта жүргізілген сауалнама нәтижелері мониторингті әкімшілік бақылау құралы ретінде қабылдайтын педагогтер үлесінің 22%-ға дейін төмендегенін көрсетті. Бұл динамика дамытушылық басқару моделінің мазмұны педагогтер үшін түсінікті болып, оның кәсіби қолдау тетігі ретінде қабылдана бастағанын дәлелдейді.

Сандық деректер сабақ сапасының негізгі компоненттері бойынша оң өзгерістердің орын алғанын көрсетті. Атап айтқанда оқу мақсаттарының нақтылығы көрсеткіші 54%-дан 82%-ға дейін артты. Бұл педагогтердің сабақ жоспарлау барысында оқу мақсаттарын нақты, өлшенетін және күтілетін нәтижелерімен байланыстыра отырып тұжырымдауға көбірек мән бере бастағанын көрсетеді. Оқу мақсаттарының нақтылануы сабақ құрылымының логикалық жүйеленуіне, оқыту әрекеттерінің мақсатқа сәйкестендірілуіне және оқу нәтижелерінің

айқындалуына ықпал етті.

Сонымен қатар оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмаларды қолдану үлесінің 46%-дан 76%-ға дейін өсуі педагогтердің сабақ мазмұнында мәтінмен жұмыс, ақпаратты талдау, интерпретациялау, дәлелдеу және рефлексия элементтерін жүйелі түрде енгізе бастағанын көрсетеді. Бұл өзгеріс функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмалардың сабақ құрылымындағы үлесінің артқанын және педагогтердің оқыту әдістерін саналы түрде қайта қарағанын аңғартады.

Мазмұнды кері байланыс беру көрсеткіші 51%-дан 79%-ға дейін артуы зерттеудің маңызды нәтижелерінің бірі болып табылады. Бұл дерек бағалаудың формативті сипат алып, кері байланыстың білім алушылардың оқу жетістіктерін жетілдіруге бағытталған құрал ретінде қолданылғанын көрсетеді. Кері байланыстың мазмұнды әрі нақты берілуі педагогтердің бағалау мәдениетінің дамуына, оқыту үдерісінің оқушыға бағдарлануына және білім алушылардың оқу уәжінің артуына ықпал етті.

Алынған нәтижелер деректерге негізделген дамытушылық басқару моделінің педагогтердің сабақ жоспарлауына, әдістемелік шешімдеріне және кәсіби рефлексиясына кешенді әсер ететінін дәлелдейді. Мониторинг деректері педагогтерге өз тәжірибесіне сыни тұрғыдан қарауға, сабақтың күші және жетілдіруді қажет ететін тұстарын айқындауға, сондай-ақ кәсіби даму аймақтарын саналы түрде анықтауға мүмкіндік берді. Бұл үдеріс педагогтің кәсіби жауапкершілігін арттырып, өзін-өзі дамытуға бағытталған ішкі уәжін күшейтті. Аталған өзгерістер педагогтердің сыртқы бақылауға тәуелділігін азайтып, кәсіби дербестік пен жауапкершілікке негізделген қызметтік ұстанымның қалыптасуына ықпал етті.

Алынған деректер отандық және халықаралық зерттеулер нәтижелерімен үйлеседі. Атап айтқанда, педагогтің кәсіби дамуын қолдауға бағытталған дамытушылық басқару тетіктерінің тиімділігі туралы ғылыми тұжырымдармен сәйкес келеді [2; 3; 5]. Бұл зерттеу нәтижелері мониторингті бақылау емес, кәсіби қолдау мен даму құралы ретінде ұйымдастырылуының ғылыми негізді екенін растайды.

Практикалық тұрғыдан алғанда, алынған деректер пәндік әдістемелік бірлестіктердің жұмысын жоспарлау барысында пайдалану педагогтердің кәсіби дамуын мақсатты және жүйелі түрде қолдауға мүмкіндік берді. Жиналған мәліметтер әдістемелік отырыстардың мазмұнын нақты проблемалық аймақтарға бағыттауға, педагогтерге қажетті әдістемелік қолдау түрлерін айқындауға және кәсіби даму траекторияларын жоспарлауға негіз болды.

Осылайша, мониторинг формалды есеп беру құралы емес, деректерге негізделген аналитикалық құрал ретінде педагогтердің кәсіби дамуын жүйелі түрде қолдайтын және басқарушылық шешімдер қабылдауға негіз болатын тиімді құралға айналды. Бұл тәжірибе дамытушылық басқару моделінің мектеп деңгейінде тиімді іске асырылуы педагогикалық ұжымның кәсіби әлеуетін арттыруға және білім беру сапасын басқарудың жаңа деңгейіне көшуіне мүмкіндік беретінін көрсетті.

### **Қорытынды**

Зерттеу нәтижелері деректерге негізделген дамытушылық басқару моделін енгізу білім беру ұйымындағы формалды бақылау моделінен педагогтің кәсіби дамуын жүйелі түрде қолдайтын тиімді басқарушылық тәжірибеге көшуге мүмкіндік беретінін көрсетті. Мониторингтің бақылау және есеп беру функцияларымен шектелмей, педагогтің кәсіби рефлексиясын, әдістемелік ізденісін және сабақ сапасын арттыруға бағытталуы оның басқарушылық әлеуетін едәуір күшейтеді.

Чек-парақтарды сапалық талдау және рефлексия құралы ретінде пайдалану педагогтердің кәсіби қызметіне саналы көзқарас қалыптастырып, кәсіби жауапкершіліктің артуына ықпал етті. Сабақ құрылымын, оқу мақсаттарының нақтылығын, оқу сауаттылығын дамыту тәсілдерін және кері байланыс сапасын жүйелі талдау педагогтердің өз тәжірибесін қайта қарауына және әдістемелік шешімдерін жетілдіруіне мүмкіндік берді. Бұл үдеріс педагогтің кәсіби дамуын сыртқы бақылау арқылы емес, ішкі уәж бен өзіндік рефлексия негізінде қамтамасыз етуге

жағдай жасайды.

Балдық бағалаудан бас тартып, деректерге негізделген сапалық талдауға көшу педагогтер мен мектеп әкімшілігі арасындағы қарым-қатынастың сипатын өзгертті. Мониторинг нәтижелерін жазалау немесе кемшіліктерді тіркеу құралы ретінде емес, кәсіби қолдау мен бірлескен талдау алаңы ретінде пайдалану серіктестік пен сенімге негізделген кәсіби өзара әрекеттестікті нығайтты. Бұл өз кезегінде педагогикалық ұжымды ашық кәсіби диалог мәдениетінің қалыптасуына және әдістемелік мәдениеттің дамуына ықпал етті.

Ұсынылған дамытушылық басқару моделі мониторингті білім беру сапасын басқарудың тиімді аналитикалық құрал ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Алынған деректерді пәндік әдістемелік бірлестіктердің жұмысын жоспарлауда, педагогтердің кәсіби даму траекторияларын айқындауда және басқарушылық шешімдер қабылдауда пайдалану оның практикалық құндылығын арттырады. Модель білім беру ұйымдарының күнделікті басқару тәжірибесінде қолдануға бейімделген және әртүрлі мектеп контекстінде икемді түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

Сонымен қатар зерттеу белгілі бір шектеулерге ие екенін атап өткен жөн. Зерттеу бір білім беру ұйымының тәжірибесі негізінде жүргізілді, бұл алынған нәтижелерді кең ауқымда жалпылауды шектейді. Болашақ зерттеулерде дамытушылық басқару моделін әртүрлі өңірлердегі мектептерде апробациялау, ұзақ мерзімді зерттеулер жүргізу және оның білім алушылардың оқу жетістіктеріне ықпалын тереңірек талдау өзекті болып табылады.

Қорытындылай келе, деректерге негізделген дамытушылық басқару моделі педагогтердің кәсіби дамуын қолдаудың тиімді тетігі ретінде білім беру сапасын басқарудың жаңа деңгейіне көшуге мүмкіндік береді. Ұсынылған тәжірибе мектеп әкімшілігі, әдістемелік бірлестіктер және педагогтер үшін практикалық маңызы бар басқарушылық модель ретінде ұсынылады және білім беру ұйымдарының әдістемелік жұмысын жетілдіруге негіз бола алады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ішкі бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар. Астана, 2022.
2. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық академиясы. Мектепшілік бақылау және мониторинг: әдістемелік құрал. – Астана, 2021.
3. Нұрғалиева Г.К. Педагогтің кәсіби дамуын басқарудағы мектепшілік мониторингтің рөлі // Алтынсарин академиясының хабаршысы. – 2020. – № 4.
4. Байтұрсынов А., Жүсіпова С. Білім беру сапасын басқарудың заманауи тетіктері. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
5. OECD. Мектепті бағалау, педагогтерді бағалау және кері байланыс. – Париж, 2013.

#### REFERENCES

1. Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. Methodological Guidelines for Internal Evaluation of the Educational Process in Secondary Education Organizations. Astana, 2022.
2. Y. Altynsarin National Academy of Education. School-Based Control and Monitoring: A Methodological Guide. Astana, 2021.
3. Nurgaliyeva, G. K. The Role of School-Based Monitoring in Managing Teachers' Professional Development. Bulletin of the Altynsarin Academy, 2020, No. 4.
4. Baitursynov, A., & Zhussipova, S. Modern Mechanisms for Managing the Quality of Education. Almaty: Kazakh University, 2019.
5. OECD. Synergies for Better Learning: An International Perspective on Evaluation and Assessment. Paris: OECD Publishing, 2013.

УДК 37.07:37  
ГРНТИ 14.35.07; 14.35.09  
DOI 10.70892/q59h6p49

**ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ДАМУЫН ҚОЛДАУДАҒЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК  
ОРТАЛЫҚТЫ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ МОДЕЛІ:  
ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ**

***Кабдрашова Мөлдір Даулетқызы***

*«Менеджмент және басқару» бағыты бойынша DBA докторанты,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
«ULAGAT» Ұлттық білім академиясының директоры  
Астана қ., Қазақстан Республикасы*

**ЭФФЕКТИВНАЯ МОДЕЛЬ УПРАВЛЕНИЯ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИМ  
ЦЕНТРОМ ПО ПОДДЕРЖКЕ ПРОФЕСС DBA-ДОКТОРАНТ ПО  
НАПРАВЛЕНИЮ «МЕНЕДЖМЕНТ И УПРАВЛЕНИЕ»,  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ,  
Г. АЛМАТЫ, РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН**

***Кабдрашова Мөлдір Даулетқызы***

*DBA-докторант по направлению «Менеджмент и управление»,  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
г. Алматы, Республика Казахстан  
Национальной академии образования «ULAGAT», г. Астана  
Директор*

**AN EFFECTIVE MANAGEMENT MODEL OF A METHODOLOGICAL CENTER  
FOR SUPPORTING TEACHERS' PROFESSIONAL DEVELOPMENT: STRATEGIES  
FOR IMPLEMENTING INNOVATIVE PROJECTS IN THE CONTEXT OF DIGITAL  
TRANSFORMATION**

***Kabdrashova Moldir Dauletkyzy***

*DBA Doctoral Candidate in Management,  
Al-Farabi Kazakh National University  
Almaty, Republic of Kazakhstan  
National Academy of Education «ULAGAT», Astana  
Director*

***Аңдатпа***

*Бұл мақалада цифрлық трансформация жағдайында педагогтердің кәсіби дамуын қолдайтын оқу-әдістемелік орталықты басқарудың тиімді моделі ұсынылады. Білім беру жүйесіндегі өзгерістер педагогтердің кәсіби құзыреттілігін үздіксіз жетілдіруді, инновациялық жобаларды жүйелі түрде енгізуді талап етеді. Осыған байланысты оқу-әдістемелік орталықтардың қызметін стратегиялық тұрғыда қайта қарастыру өзекті мәселе болып табылады. Мақалада цифрлық ортада инновациялық жобаларды іске асыру стратегиялары, басқарудың икемді моделі, деректерге негізделген шешім қабылдау, коучинг және менторинг жүйесі, цифрлық платформаларды тиімді пайдалану мәселелері қарастырылады.*

***Аннотация***

*В данной статье представлена эффективная модель управления учебно-методическим центром, направленная на поддержку профессионального развития педагогов в условиях цифровой трансформации.*

*Изменения в системе образования требуют непрерывного совершенствования профессиональных компетенций педагогов и системного внедрения инновационных проектов. В этой связи стратегическое переосмысление деятельности учебно-методических центров становится актуальной задачей. В статье рассматриваются стратегии реализации инновационных проектов в цифровой среде, гибкая модель управления, принятие решений на основе данных, система коучинга и менторинга, а также эффективное использование цифровых платформ.*

#### **Annotation**

*This article presents an effective management model for a methodological center that supports teachers' professional development in the context of digital transformation. Rapid changes in the education system require continuous improvement of teachers' competencies and systematic implementation of innovative projects. Therefore, strategic transformation of methodological centers becomes a critical priority. The paper examines innovative project implementation strategies in digital environments, including flexible management approaches, data-driven decision-making, coaching and mentoring systems, and the effective use of digital platforms.*

**Түйінді сөздер:** цифрлық трансформация, кәсіби даму, оқу-әдістемелік орталық, инновациялық жоба, педагог құзыреттілігі, басқару моделі, стратегиялық даму.

**Ключевые слова:** цифровая трансформация, профессиональное развитие, учебно-методический центр, инновационный проект, компетентность педагога, модель управления, стратегическое развитие.

**Keywords:** digital transformation, professional development, methodological center, innovative project, teacher competence, management model, strategic development.

#### **Кіріспе**

Қазіргі білім беру жүйесі цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Бұл өзгерістер педагогтің рөлін тек білім беруші емес, сонымен қатар фасилитатор, зерттеуші және цифрлық ортада жұмыс істей алатын кәсіби маман ретінде қайта қарастыруды талап етеді. Осы тұрғыда педагогтердің кәсіби дамуын жүйелі түрде ұйымдастыратын оқу-әдістемелік орталықтардың маңызы артып отыр.

Сонымен қатар, цифрлық технологиялар білім беру мазмұнын әртараптандыруға, оқыту әдістерін жекелендіруге және оқу процесінің интерактивтілігін арттыруға мүмкіндік береді. Педагогтердің кәсіби дамуы тек жаңа ақпараттық құралдарды меңгерумен шектелмей, сонымен қатар инновациялық ойлау қабілетін, зерттеушілік және жобалық дағдыларын дамытуға бағытталуы қажет. Бұл өз кезегінде оқу сапасын арттырып қана қоймай, білім алушылардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін белсенді түрде қалыптастырады.

Цифрлық трансформация педагогикалық басқару жүйесін жаңғыртуды, инновациялық жобаларды стратегиялық тұрғыда жоспарлауды және іске асыруды талап етеді. Отандық және шетелдік зерттеулерде кәсіби даму үздіксіз процесс ретінде қарастырылып, оның тиімділігі коучинг, желілік қауымдастықтар, деректерге негізделген талдау және цифрлық білім беру платформаларын қолданумен тығыз байланысты екендігі көрсетілген. Сондай-ақ, зерттеулер көрсеткендей, оқу-әдістемелік орталықтардың басқарудағы икемділік пен инновациялық бағыт педагогтердің мотивациясын арттырып, кәсіби қоғамдастықтардағы тәжірибе алмасуды жандандырады. Бұл білім беру ұйымдары үшін стратегиялық артықшылық болып табылады, өйткені педагогтердің үздіксіз дамуы мектептердің бәсекеге қабілеттілігін және оқушылардың сапалы білім алуын қамтамасыз етеді.

**Мақаланың мақсаты** – цифрлық трансформация жағдайында педагогтердің кәсіби дамуын қолдайтын оқу-әдістемелік орталықты басқарудың тиімді моделін ұсыну және оны практикада қолдану жолдарын сипаттау.

#### **Міндеттері:**

- Оқу-әдістемелік орталық қызметін басқарудың заманауи тәсілдерін талдау;
- Инновациялық жобаларды іске асыру стратегияларын жүйелеу;
- Ұсынылған модельдің тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдеу [1].

## Әдістеме

### Ұсынылатын басқару моделі

Ұсынылып отырған модель «5D» қағидатына негізделген және педагогтердің кәсіби дамуын жүйелі, кезең-кезеңімен басқаруға бағытталған кешенді құрылым болып табылады. Бұл модель цифрлық трансформация жағдайында оқу-әдістемелік орталық қызметін стратегиялық деңгейде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. «5D» тұжырымдамасы басқару циклінің логикалық бірізділігін қамтамасыз етіп, деректерге негізделген шешім қабылдауға, ресурстарды тиімді бөлуге және нәтижеге бағытталған басқаруды жүзеге асыруға жағдай жасайды.

Модельдің әрбір кезеңі өзара тығыз байланысты және үздіксіз даму қағидатына сүйенеді:

- **Diagnose (Диагностикалау)** – педагогтердің кәсіби және цифрлық құзыреттіліктерін, қажеттіліктері мен қиындықтарын анықтау. Бұл кезеңде сауалнама, өзін-өзі бағалау парақтары, цифрлық сауаттылық тесттері, сабақтарды бақылау және аналитикалық деректер қолданылады.

- **Design (Жобалау)** – анықталған қажеттіліктер негізінде стратегиялық жоспар құру. Бұл кезеңде даму бағдарламалары, жол картасы, нақты көрсеткіштер (KPI), күтілетін нәтижелер айқындалады.

- **Develop (Дамыту)** – кәсіби даму іс-шараларын іске асыру. Мұнда коучинг, менторинг, шеберлік сабақтары, вебинарлар, зерттеу жобалары және цифрлық платформалар арқылы оқыту жүзеге асырылады.

- **Data (Деректер арқылы басқару)** – жүзеге асырылған жұмыстардың тиімділігін талдау. Сандық және сапалық көрсеткіштер негізінде мониторинг жүргізіліп, аралық нәтижелер бағаланады.

- **Reflect (Рефлексия және жетілдіру)** – алынған нәтижелерді талдау, кері байланыс жинау және келесі даму кезеңіне түзетулер енгізу.

Осылайша, «5D» моделі оқу-әдістемелік орталықтың қызметін басқарудың инновациялық, икемді және нәтижеге бағытталған жүйесін қалыптастырады. Бұл модель басқару процесін кезең-кезеңімен ұйымдастыруға мүмкіндік беріп, педагогтердің кәсіби дамуын деректерге негізделген шешімдер арқылы жүйелеуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, «5D» моделі инновациялық жобаларды тиімді жоспарлауға және іске асыруға, педагогтердің цифрлық және зерттеушілік құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді. Модельдің икемділігі әртүрлі білім беру контекстеріне бейімделуге мүмкіндік береді, ал нәтижеге бағытталған жүйесі педагогикалық қызметтің нақты көрсеткіштерін өлшеуге және олардың сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Оқу-әдістемелік орталық тек ақпараттық қолдау ғана емес, сонымен қатар стратегиялық даму платформасы ретінде қызмет етеді, педагогтардың үздіксіз кәсіби өсуіне жағдай жасап, инновациялық білім беру тәжірибесін кеңейтуге септігін тигізеді.

**Кесте 1. Басқару моделі**

Кезең	Мазмұны	Қолданылатын құралдар
1. Diagnose	Қажеттіліктерді анықтау	Сауалнама, цифрлық диагностика
2. Design	Стратегиялық жоспарлау	Жол картасы, KPI
3. Develop	Жобаларды іске асыру	Коучинг, вебинар, LMS
4. Data	Мониторинг және талдау	Аналитикалық панель
5. Reflect	Рефлексия және жетілдіру	Пікірталас, портфолио

Сурет 1. Басқару моделі

**Модельдің ерекшеліктері:**

- Деректерге негізделген басқару
- Икемді (Agile) жоспарлау
- Цифрлық экожүйе құру
- Кәсіби қауымдастықтарды дамыту [2].

**Негізгі принциптері:**

- Ашықтық
- Үздіксіздік
- Инновацияға бағытталу
- Серіктестік
- Нәтижеге бағдарлану

**Қолданылатын технологиялар:**

- LMS платформалары
- Онлайн коучинг
- Цифрлық портфолио
- Виртуалды әдістемелік кабинет
- Аналитикалық мониторинг жүйесі

Бұл модель педагогтердің кәсіби қажеттіліктеріне бейімделген жеке даму траекториясын құруға мүмкіндік береді [3].

**Практикада қолдану**

Модель пилоттық режимде білім беру ұйымының оқу-әдістемелік орталығында енгізілді. Жоба 1 оқу жылы көлемінде жүзеге асырылып, басқару құрылымын кезең-кезеңімен трансформациялауға бағытталды. Пилоттық алаң ретінде педагогикалық ұжымы 80-нен астам мұғалімді қамтитын орта білім беру ұйымы таңдалды. Жобаны іске асыру барысында әкімшілік команда, әдіскерлер және педагогтерден құралған жұмыс тобы құрылып, әр кезеңнің жауапты тұлғалары бекітілді.

Алғашқы тоқсанда диагностикалық зерттеу жүргізіліп, педагогтердің цифрлық құзыреттілігі, инновациялық белсенділігі және кәсіби даму қажеттіліктері анықталды. Екінші кезеңде алынған деректер негізінде стратегиялық жоспар, жол картасы және нақты көрсеткіштер жүйесі (KPI) әзірленді. Үшінші кезеңде коучинг сессиялары, вебинарлар, шеберлік сабақтары және цифрлық платформа арқылы оқыту ұйымдастырылды. Сонымен қатар педагогтердің авторлық жобаларын әзірлеу және қорғау процесі енгізілді.

Төртінші кезеңде мониторинг жүргізіліп, аралық нәтижелер талданды. Сандық көрсеткіштермен қатар сапалық кері байланыс жиналып, педагогтердің кәсіби рефлексиясы ұйымдастырылды. Жыл соңында қорытынды бағалау жүргізіліп, модельдің тиімділігі кешенді түрде сарапталды. Пилоттық жоба нәтижесінде оқу-әдістемелік орталық қызметінің жүйелілігі артып, педагогтердің инновациялық бастамалары мен цифрлық құралдарды қолдану белсенділігі айтарлықтай өскені байқалды.

#### **Іске асыру кезеңдері:**

##### **1-кезең: Диагностика**

Педагогтердің цифрлық құзыреттілігіне талдау жүргізілді. Нәтижесінде 35% – базалық, 45% – орта, 20% – жоғары деңгей анықталды.

##### **2-кезең: Жоспарлау**

Әр педагогке жеке даму картасы әзірленді.

##### **3-кезең: Іске асыру**

12 вебинар

6 коучинг сессия

3 инновациялық жоба

1 зерттеу конференциясы

##### **4-кезең: Мониторинг**

Ай сайын цифрлық белсенділік көрсеткіштері өлшенді.

#### **Кесте 2. Нәтижелер көрсеткіші**

Көрсеткіш	Бастапқы	Қорытынды
Цифрлық құрал қолдану	40%	78%
Сабақта инновация	32%	70%
Зерттеушілік белсенділік	18%	55%

#### **Артықшылықтары:**

- Жүйелілік
- Нақты нәтижеге бағытталу
- Педагог мотивациясының артуы
- Командалық мәдениеттің қалыптасуы

#### **Кемшіліктері:**

- Бастапқы кезеңде уақыт тапшылығы
- Кей педагогтердің қарсылығы
- Техникалық инфрақұрылым шектеулері

Жалпы алғанда, модель педагогтердің кәсіби дамуына оң әсер етті және инновациялық жобалардың табысты іске асуына мүмкіндік берді [4].

#### **Ұсыныстар**

• **Ұйымдық дайындықты бағалау.** Әдістемені енгізер алдында оқу-әдістемелік орталықтың цифрлық инфрақұрылымын, ресурстарын және педагогтердің бастапқы құзыреттілігін жан-жақты талдау қажет. Бұл модельдің тиімділігін арттыруға және енгізу

кезеңіндегі кедергілерді азайтуға мүмкіндік береді.

- **Жеке даму траекторияларын әзірлеу.** Әр педагогтің кәсіби қажеттіліктеріне бейімделген даму карталарын жасау ұсынылады. Бұл педагогтардың мотивациясын арттырады және оқу процесіндегі нәтижелілікті жоғарылатады.

- **Коучинг және менторинг жүйесін тұрақты жүргізу.** Педагогтердің жаңа әдістер мен цифрлық құралдарды меңгеруін қолдау үшін коучинг, менторинг сессиялары, тәжірибе алмасу топтарын ұйымдастыру қажет.

- **Нәтижелерді кешенді бағалау.** Педагогтердің кәсіби дамуын тек сандық көрсеткіштер арқылы емес, сапалық кері байланыс, портфолио және рефлексия нәтижелері арқылы бағалау маңызды.

- **Инновациялық жобаларды кезең-кезеңімен енгізу.** Жаңа әдістер мен жобаларды шағын пилоттық форматтан бастап, кейінірек толық көлемде қолдану ұсынылады. Бұл тәжірибе жинақтауға және педагогтердің қарсылықтарын азайтуға мүмкіндік береді.

- **Әртүрлі оқу топтарына бейімдеу.** Әдістемені әртүрлі жас, тәжірибе және пәндік бағыттағы педагогтерге икемдеу маңызды. Мұнда бейімделген контент, түрлі деңгейдегі тапсырмалар және әртүрлі оқыту форматтары қолданылады.

- **Цифрлық платформаларды тиімді пайдалану.** LMS, виртуалды кабинеттер, аналитикалық панельдер және онлайн коммуникация құралдарын жүйелі қолдану педагогтердің кәсіби дамуын жеделдетеді.

- **Үздік тәжірибелерді тарату.** Орталық педагогтердің инновациялық жобалар мен тәжірибелік нәтижелерін ұйымдастырылған конференциялар, вебинарлар және әдістемелік жинақтар арқылы бөлісуі ұсынылады.

- **Үздіксіз жетілдіру.** Әдістемені енгізу процесі аяқталған соң да кері байланыс пен мониторинг жүргізіліп, әдістемеге түзетулер мен жаңартулар енгізу қажет.

- **Қоғамдастық және ынтымақтастықты дамыту.** Педагогтердің кәсіби қауымдастықтарына қатысу, желілік байланыс құру және әріптестермен тәжірибе алмасу олардың инновациялық және зерттеушілік белсенділігін арттырады [5].

### **Қорытынды**

Цифрлық трансформация жағдайында оқу-әдістемелік орталықтардың қызметі дәстүрлі ұйымдастыру моделінен стратегиялық басқару форматына көшуі тиіс. Ұсынылған 5D басқару моделі педагогтердің кәсіби дамуын жүйелі түрде қолдауға, инновациялық жобаларды тиімді іске асыруға және білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, деректерге негізделген басқару, цифрлық технологияларды тиімді пайдалану және кәсіби қауымдастықтарды дамыту педагогтердің кәсіби өсуіне айтарлықтай ықпал етеді.

Бұл модель педагогтердің практикалық қызметін жетілдіруге, оқу процесінің сапасын арттыруға және білім беру ұйымының стратегиялық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған тиімді құрал болып табылады.

Сонымен қатар, оқу-әдістемелік орталықты басқарудың ұсынылған моделі білім беру ұйымында өзгерістер мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Педагогтердің кәсіби дамуын стратегиялық деңгейде ұйымдастыру – тек жеке құзыреттілікті арттыру ғана емес, сонымен бірге институционалдық дамудың негізгі факторы болып табылады. Цифрлық трансформация жағдайында басқару жүйесінің икемділігі, инновациялық ойлау мен үздіксіз рефлексия үдерісі тұрақты нәтижеге жеткізеді. Сондықтан ұсынылған модельді білім беру ұйымдарының ерекшеліктеріне бейімдеп енгізу педагогтердің кәсіби әлеуетін толық ашуға және сапалы білім беру ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сейітова Г.Қ. Цифрлық трансформация білім беру жүйесінде: педагогикалық жағдайлар // Білім берудегі инновация журналы. - Алматы, 2023. - №3. - Б. 45-58.
2. Иванова О.В., Петров С.А. Digital Transformation Strategies in Education Management: monograph. - London: EdTech Press, 2022. - 288 p.
3. Джонсон Л., Адамс Б. The 2021 Horizon Report: Teaching and Learning Edition. - Austin: EDUCAUSE, 2021. - 96 p.
4. Бітімбаев А.Т. Педагогтердің кәсіби дамуы: теория мен практика. - Нұр-Сұлтан: ҒЫЛЫМ, 2024. - 352 б.
5. Жұмабекова Р.М. Кәсіби даму орталықтары мен инновациялық жобаларды басқару әдістемесі // Білім беру басқармасы. - Алматы, 2025. - №1. - Б. 12-29.

## REFERENCES

1. Sejitova G.K. Cifrlıq transformaciya bilim беру zhıyesinde: pedagogikalıq zhađajlar // Bilim berudegi innovaciya zhurnaly. - Almaty, 2023. - №3. - B. 45-58.
2. Ivanova O.V., Petrov S.A. Digital Transformation Strategies in Education Management: monograph. - London: EdTech Press, 2022. - 288 p.
3. Dzhonson L., Adams B. The 2021 Horizon Report: Teaching and Learning Edition. - Austin: EDUCAUSE, 2021. - 96 p.
4. Bitimbaev A.T. Pedagogterdiń kәsibi damuy: teoriya men praktika. - Nұr-Sұлtan: Fylym, 2024. - 352 b.
5. Zhymabekova R.M. Kәsibi damu ortalyqtary men innovacijalyq zhobalardy basqaru әdistemesi // Bilim беру basqarmasy. - Almaty, 2025. - №1. - B. 12-29.

УДК 37.016:811.111:008  
 ГРНТИ 16.21.47  
 DOI 10.70892/z12qmh12

**ТІЛ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ: 10-11 СЫНЫПТАРДА КОММУНИКАТИВТІК  
 ДАҒДЫЛАРДЫ АРТТЫРУҒА АРНАЛҒАН «ҰЛЫБРИТАНИЯ МЕН АМЕРИКА  
 ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ ЕЛТАНУ» КУРСЫНЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ БАҒЫТЫ**

**Лабукова Ирина Юрьевна**

*педагог-зерттеуші, ағылшын тілі мұғалімі*

*ШҚО Білім басқармасының Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің*

*«Лев Гумилев атындағы №38 гимназиясы» КММ*

*Өскемен қаласы, Қазақстан*

*+7 777 2200424*

*ya.irinaproteach@yandex.kz*

**«ЯЗЫК И РЕАЛЬНОСТЬ: ПРАКТИЧЕСКАЯ НАПРАВЛЕННОСТЬ КУРСА  
 «СТРАНОВЕДЕНИЕ ВЕЛИКОБРИТАНИИ И СОЕДИНЕННЫХ ШТАТОВ  
 АМЕРИКИ» ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ  
 УМЕНИЙ В 10-11 КЛАССАХ»**

**Лабукова Ирина Юрьевна**

*педагог-исследователь, учитель английского языка*

*КГУ «Гимназия № 38 имени Льва Гумилева» городского отдела образования по городу Усть-Каменогорску*

*Управления образования Восточно-Казахстанской области*

*г. Усть-Каменогорск, Казахстан*

*+7 777 2200424*

*ya.irinaproteach@yandex.kz*

**LANGUAGE AND REALITY: PRACTICAL FOCUS OF “THE UK AND USA  
 COUNTRY STUDY COURSE” FOR ENHANCING COMMUNICATION SKILLS IN  
 GRADES 10-11**

**Labukova Irina Yuryevna**

*Research Teacher, English Language Teacher*

*KSU “Gymnasium No. 38 named after Lev Gumilyov” of the Education Department of Ust-Kamenogorsk City,*

*Education Administration of East Kazakhstan Region*

*Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan*

*+7 777 2200424*

*ya.irinaproteach@yandex.kz*

**Аңдатпа**

Мақалада жоғары сыныптардағы мемлекеттану курсының қалайша тілді теориядан нақты өмірде қолдануға көшіретіні талданады. Культуралық және тарихи контексті интеграциялау адекватты тілдік қатынас үшін маңызды екені көрсетіледі. Курс дебаттар мен аутентикалық жобалар арқылы оқушылардың әлеуметтік-лингвистикалық сауаттылығын дамытады. Елтану нақты коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыратын негізгі фактор екені дәлелденеді.

**Аннотация**

В статье анализируется, как курс страноведения в старших классах помогает перейти от теоретического изучения языка к его практическому использованию в реальной жизни. Показано, что интеграция культурного и исторического контекста является важным условием адекватной языковой коммуникации. Курс развивает социолингвистическую грамотность учащихся через дебаты и аутентичные проекты. Доказывается, что

*страноведение является ключевым фактором формирования реальной коммуникативной компетенции.*

#### **Annotation**

*This article analyzes how “The UK and USA Country Study” Course transforms theoretical English knowledge into practical communication competence. It demonstrates that integrating authentic cultural and historical context is crucial for adequate linguistic output. The course successfully develops socio-linguistic awareness, contextual vocabulary, and critical thinking through debates and authentic media projects. It confirms that Country study course is the key to producing globally competent graduates ready for real-world interaction.*

**Түйінді сөздер:** елтану, коммуникативтік құзыреттілік, социолингвистикалық сауаттылық, мәдени контекст, тарихи контекст, шетел тілін оқыту, дебаттар, аутентикалық жобалар.

**Ключевые слова:** страноведение, коммуникативная компетенция, социолингвистическая грамотность, культурный контекст, исторический контекст, изучение иностранного языка, дебаты, аутентичные проекты.

**Keywords:** country studies, communicative competence, sociolinguistic literacy, cultural context, historical context, foreign language learning, debates, authentic projects.

#### **Introduction**

The study of a foreign language in the senior grades of a gymnasium often encounters a gap between theoretical knowledge (grammar, vocabulary) and the ability to apply it in real-life situations. Students in the 10th and 11th grades, possessing high intellectual potential, are ready to transition from learning a language to using the language as a tool for interacting with the world. Maslova V. A., in her work *Lingvokulturologiya* [Linguoculturology], notes: “Language is most closely connected with culture: it grows into it, develops within it, and expresses it” [1, p. 9]. According to Shchukin A. N., cultural studies information “ensures not only cognitive but also communicative needs of students, contributing to the formation of communicative and sociocultural competence” [2, p. 32]. In this context, Country Studies—a discipline that examines the culture, history, and society of English-speaking countries (focusing here on the USA and Great Britain)—is an effective tool that allows acquired knowledge to be put into practice, connecting language and reality. “The UK and USA Country Study” Course has been running at Gymnasium No. 38 named after Lev Gumilev in Ust-Kamenogorsk for over 10 years and has proven its effectiveness. This course integrates knowledge about Great Britain and the USA into a unified framework, facilitating the assimilation of knowledge regarding geography, major historical events, national psychology, social realities, and the country’s culture. Furthermore, it fosters the cultural and linguistic-cultural competence necessary for adequate command of English, both as a means of communication and for professional training. Thus, communicative skills of the students are formed within the course based on linguistic-cultural and Country studies knowledge.

The goal of this article is to analyze the mechanisms through which “The UK and USA Country Study” Course enhances the practical applicability of the language and to demonstrate specific forms of this practical implementation.

#### **Country Studies as a Foundation for Communicative Competence**

Communicative competence is not just the ability to form grammatically correct sentences, but also the skill to choose adequate linguistic means depending on the situation, and the cultural background. Without cultural knowledge, this choice often proves incorrect, leading to communication breakdowns or misunderstandings.

“The UK and USA Country Study Course” addresses the following tasks:

1. **Vocabulary Enrichment through Context:** Instead of isolated memorization of words, students master vocabulary closely linked to realia (e.g., healthcare system, prime minister, royal family). This vocabulary is immediately activated in discussions, cementing it in their active lexicon.
2. **Development of Sociolinguistic Awareness:** The course introduces language variation (British vs. American English, formal vs. informal style), which directly influences the ability to adapt speech.
3. **Mastery of Cultural Codes:** Understanding that the reality of communication is determined

not only by words but also by unspoken rules (etiquette, humor) is crucial for senior students preparing for international contacts.

### **Practical Focus: From Knowledge to Application**

The practical value of Country Studies manifests when theoretical material is immediately transformed into active tasks. This allows students not just to know about presidential elections or analyze the education systems in the USA, the UK, and Kazakhstan, but also to discuss the elections implications, compare educational systems, and identify commonalities in English, utilizing appropriate terminology and style.

Below are examples of how the course's practical focus is demonstrated in preparing 10th and 11th graders:

#### **1. Analysis and Debates Based on Authentic Sources (Critical Thinking and Communication)**

Practical orientation is realized through working with real media products.

- **Debates on Social Issues:** Organizing debates on urgent topics (e.g., “Free education: myth or reality?” or “The Monarchy’s Role Today”). Successful participation requires mastery not only of the language but also of the historical and political context, which makes the discussion deep and realistic.

#### **2. Project and Research Activities (Creativity and Cooperation)**

**Creation of the Information Center:** The English Information Digest “BEES: BEST ENERGETIC ENGLISH SPEAKERS” project exists and operates in the gymnasium, where senior students create weekly issues on various topics interesting to them and the teenage audience, publishing them on the project’s Instagram page. A significant portion of the topics is cultural studies-oriented, aimed at deepening knowledge about the culture and traditions of the USA and Great Britain. For example, the “Britain Inside” issue introduces the most interesting, often little-known but entertaining, facts. The students find, process, analyze information, and present it in a vivid, lively, and engaging format. There are videos dedicated to holidays celebrated not only in English-speaking countries but also in Kazakhstan, helping to bring the peoples of our countries closer. Thinking about entering university, the “BEES” participants concluded the necessity of presenting for students the format of the international language exam IELTS. In their issues, they provide practical advice on preparation and successful exam taking. All issues of the “BEES” Digest are prepared by my students in English, which allows them to apply linguistic-cultural knowledge in various practical situations. Working within this project demands cooperation and a creative approach to producing an information-rich product.

**Participation in Student Conferences:** As topics for research projects presented annually at the gymnasium’s scientific practical conference, students willingly choose topics related to the culture and history of the UK and the USA: “Mysteries of the Tower,” “A Guide to London: A, B, C of London,” “History of the Royal Family,” “Who is Sherlock Holmes?,” “The Difference Between American and British English,” “Shakespeare’s vocabulary heritage”.

**Monitoring of gymnasium students’ participation in research activities in English (Followed by a table showing participation rates over academic years, demonstrating growth).**

Academic year	SPC «Eureka» (9-11 grades)		SPC «Bastau» (5-8 grades)		SPC «Tick Tock» (1-4 grades)	
	Number of projects	Number of Country Studies projects	Number of projects	Number of Country Studies projects	Number of projects	Number of Country Studies projects
2020-2021 (online)	6	3	5	2	-	-

2021-2022	11	7	13	4	-	-
2022-2023	12	8	14	5	-	-
2023-2024	11	7	12	6	2	1
2024-2025	10	5	12	5	2	1
2025-2026	8	5	7	4	-	-

**“Virtual Companion”:** Modeling conversations with foreign interlocutors on various topics: admission to foreign universities, preparation for a tourist trip, conversational taboos with foreigners, favorite food recipes.

### 3. Modeling Cultural Scenarios (Sociocultural Adaptation)

This is direct training in “how to behave” in real situations where a mistake could lead to awkwardness.

- **Etiquette and Business Correspondence:** Analyzing examples of correct business writing (considering the British tendency towards politeness and American directness). Role-plays simulating attendance at a formal Afternoon Tea or participation in a business lunch.

- **“Cultural Survival Guides” (Trip around the UK):** Students, working in groups, develop short interactive guides for their peers traveling to London or New York for the first time. The guide includes not only useful information (transport, food) but also a “Don’ts” section—a list of actions that might be perceived negatively (e.g., regarding tips, punctuality, or directness in requests). The presentation of these guides is conducted in a talk show format.

#### Orientation towards the Future

The practical focus of the course is also closely linked to career guidance. Senior students planning further studies or a career abroad need confidence that their language skills meet real-world requirements. Knowing how the higher education system works in the USA or how a job interview proceeds in a British company allows them to practically prepare for these steps, using English as a reliable tool to achieve their goals.

#### Conclusion

“The UK and USA Country Study” Course in the 10th and 11th grades of the gymnasium is a necessary supplement to the core curriculum. It shifts the study of English from an academic plane to one of vital necessity and practical application.

Based on observation and questionnaires:

90% of students find this course interesting;

85% state that they learn many new facts about the life, culture, and history of the UK and USA residents previously unknown to them;

80% feel confident as speakers when delivering presentations for mini-projects in English during Country Studies classes;

70% started reading the works of British and American writers after learning facts about the writers;

60% are motivated to participate in English research activities.

By providing rich, authentic material, the course enables students not just to command the language but to communicate consciously, confidently, and adequately in the complex, multifaceted

English-speaking reality. Thus, “The UK and USA Country Study” Course” becomes a key factor in forming a truly competent graduate, ready for global interaction.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Маслова, В. А. Лингвокультурология : учеб. пособие. – Москва : Академия, 2001. – 203 с.
2. Щукин, А. Н. Обучение иностранным языкам : теория и практика : учеб. пособие. – Москва : Филоматис, 2006. – 480 с.
3. Richards, J. C., Rodgers, T. S. Approaches and Methods in Language Teaching. – 3rd ed. – Cambridge : Cambridge University Press, 2014. – 410 p.
4. Новиков, А. В. Лингвострановедение как компонент подготовки современного специалиста // Вестник Московского государственного лингвистического университета. – 2017.
5. Фурманова, В. П. Методика обучения страноведению в средней школе: традиции и перспективы // Иностранные языки в школе. – 2009.

#### REFERENCES

1. Maslova, V. A. (2001). Lingvokulturologiya [Linguoculturology]. Moscow: Akademiya, 203 p.
2. Shchukin, A. N. (2006). Obucheniye inostrannym yazykam [Foreign Language Teaching]. Moscow: Filomatis, 480 p.
3. Richards, J. C., & Rodgers, T. S. (2014). Approaches and Methods in Language Teaching (3rd ed.). Cambridge University Press.
4. Novikov, A. V. (2017). Lingvostranovedeniye kak komponent podgotovki sovremennogo spetsialista [Cultural Linguistics as a Component in Training Modern Specialists]. Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo lingvisticheskogo universiteta [Bulletin of Moscow State Linguistic University].
5. Furmanova, V. P. (2009). Metodika obucheniya stranovedeniyu v sredney shkole: traditsii i perspektivy [Methodology of Teaching Cultural Studies in Secondary School: Traditions and Perspectives]. Inostrannye yazyki v shkole [Foreign Languages at School].

УДК 37.016  
ГРНТИ 16.21.27  
DOI 10.70892/qpy0ez23

## ҚОС ТІЛДІ ОРТАДА ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: БАЯН-ӨЛГЕЙ АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ПРАКТИКАСЫ

**Мұратқызы Н.**

*Х.Хызырхан атындағы жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мұғалімі  
Баян-Өлгей аймағы, Моңғолия  
nurkanazka@gmail.com*

**Жусупова Г.С.**

*«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қостанай кәсіби даму институтының кафедра меңгерушісі,  
galiya02021976@gmail.com*

## ФОРМИРОВАНИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ В ДВУЯЗЫЧНОЙ СРЕДЕ: ПРАКТИКА КАЗАХСКИХ ШКОЛ БАЯН-ӨЛГІЙСКОГО АЙМАКА

**Муратқызы Н.**

*учитель казахского языка  
общеобразовательная школа имени Х. Хызырхана  
Баян-Өлгийский аймак, Монголия  
nurkanazka@gmail.com*

**Жусупова Г. С.**

*заведующая кафедрой Костанайского института профессионального развития  
филиала АО «НЦПК «Өрлеу»  
galiya02021976@gmail.com*

## DEVELOPING READING LITERACY IN A BILINGUAL ENVIRONMENT: THE PRACTICE OF KAZAKH SCHOOLS IN THE BAYAN-OLGII REGION

**Muratkyzy N.**

*Kazakh Language Teacher  
Kh. Khyzyrkhan Secondary School  
Bayan-Ölgii Region, Mongolia  
nurkanazka@gmail.com*

**Zhussupova G. S.**

*Head of the Department, Kostanay Institute of Professional Development  
Branch of JSC “Orleu” National Center for Professional Development  
galiya02021976@gmail.com*

### **Аңдатпа**

Бұл мақалада қос тілді білім беру жағдайында оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру мәселесі Баян-Өлгей аймағындағы қазақ мектептерінің тәжірибесі негізінде қарастырылады. Моңғолиядағы қазақ мектептері оқыту тілі қазақ тілінде болғанымен, қоғамдық-әлеуметтік және ресми кеңістікте моңғол тілінің басымдығы оқушылардың оқу әрекетіне тікелей ықпал етеді.

Зерттеудің мақсаты – қос тілді ортада білім алатын оқушылардың оқу сауаттылығына тән ерекшеліктерді, негізгі қиындықтарды анықтау және мұғалім тәжірибесінде тиімді болып отырған әдіс-тәсілдерді сипаттау. Зерттеу барысында бақылау, мәтінмен жұмыс тапсырмаларын талдау, салыстырмалы әдіс қолданылды.

Зерттеу нәтижесі оқушыларда аудармалық ойдың басымдығы, терминологиялық және лексикалық қиындықтар, астарлы мағынаны түсінудің әлсіздігі жиі кездесетінін көрсетеді. Сонымен бірге оқу стратегияларын мақсатты және жүйелі қолдануға мәтінді терең түсінуге және оқу сауаттылығын арттыруға оң әсер ететіні дәлелденді.

Мақала қорытындылары қос тілді орта жағдайында оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған әдістемелік жұмысты жетілдіруге практикалық негіз бола алады.

#### **Аннотация**

*В статье рассматривается проблема формирования читательской грамотности учащихся в условиях двуязычного образования на основе опыта казахских школ Баян-Өлгийского аймака. Несмотря на то что языком обучения в казахских школах Монголии является казахский язык, доминирование монгольского языка в общественно-социальном и официальном пространстве напрямую влияет на учебную деятельность учащихся.*

*Цель исследования — выявить особенности читательской грамотности учащихся, обучающихся в двуязычной среде, определить основные трудности и описать эффективные методы и приёмы, применяемые в практике учителей. В ходе исследования использовались наблюдение, анализ заданий по работе с текстом, сравнительный метод.*

*Результаты исследования показывают, что у учащихся часто наблюдаются преобладание переводного мышления, терминологические и лексические трудности, слабое понимание подтекста. Вместе с тем доказано, что целенаправленное и системное применение стратегий чтения положительно влияет на глубокое понимание текста и повышение читательской грамотности.*

*Выводы статьи могут служить практической основой для совершенствования методической работы по развитию читательской грамотности в условиях двуязычной среды.*

#### **Annotation**

*The article examines the problem of developing students' reading literacy in the context of bilingual education based on the experience of Kazakh schools in the Bayan-Ölgii region. Although the language of instruction in Kazakh schools in Mongolia is Kazakh, the dominance of the Mongolian language in the socio-public and official domains directly affects students' learning activities.*

*The purpose of the study is to identify the specific features of reading literacy among students studying in a bilingual environment, determine the main difficulties, and describe effective methods and techniques used in teachers' practice. The research employed observation, analysis of text-based tasks, and a comparative method.*

*The findings indicate that students frequently demonstrate a predominance of translation-based thinking, as well as terminological and lexical difficulties and a weak understanding of implicit meaning. At the same time, it has been proven that the purposeful and systematic use of reading strategies has a positive effect on deep text comprehension and the development of reading literacy.*

*The conclusions of the article can serve as a practical basis for improving methodological work aimed at developing reading literacy in a bilingual environment.*

**Түйінді сөздер:** оқу сауаттылығы, қос тілді білім беру, оқу стратегиялары, мәтінмен жұмыс, әдіс-тәсілдер.

**Ключевые слова:** читательская грамотность, двуязычное образование, стратегии чтения, работа с текстом, методы и приёмы.

**Keywords:** reading literacy, bilingual education, reading strategies, text-based work, methods and techniques.

#### **Кіріспе**

Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту – мұғалім қызметіндегі басты міндеттердің бірі. Оқу сауаттылығы тек мәтінді оқып, мазмұнын түсінумен шектелмей, алынған ақпаратты талдау, бағалау, салыстыру және өмірлік жағдаяттарда қолдана білу қабілетін қамтиды. Қазіргі білім беру жүйесінде оқу сауаттылығы оқушының академиялық табыстылығы мен өмірлік дағдыларының негізгі көрсеткіші ретінде қарастырылады. Бұл мәселе қос тілді мемлекет жағдайында ерекше маңызға ие.

Моңғолияның Баян-Өлгей аймағындағы қазақ мектептерінде білім беру үдерісі қазақ тілінде жүргізілгенімен, оқушылар күнделікті өмірде, қоғамдық ортада және ресми құжаттарда моңғол тілімен тығыз байланыста болады. Моңғолиядағы қазақ мектептерінің орта сыныптарында оқу сауаттылығын мақсатты түрде қалыптастыруға арналған дербес оқу-әдістемелік кешендердің болмауы мәселені күрделендіре түседі. Оқу бағдарламаларында «оқу сауаттылығы» ұғымы нақты оқу нәтижесі ретінде айқындалмаған, ал оқулықтар мен

оқу құралдары негізінен грамматикалық ережелерді меңгертуге және теориялық білімді игеруге бағытталған. Бұл жағдай оқушылардың мәтінмен практикалық жұмыс жасау, ақпаратты талдау және мағынаны ашу дағдыларының жеткілікті деңгейде қалыптасуына кедергі келтіреді. Аталған олқылық қос тілді орта жағдайында оқу сауаттылығын дамыту мәселесінің өзектілігін арттыра түседі. Мұндай тілдік орта оқушылардың оқу әрекетіне, әсіресе мәтінді қабылдау мен түсінуіне өзіндік әсерін тигізеді. Сондықтан қос тілді ортадағы оқу сауаттылығын дамыту мәселесін практика негізінде зерттеу өзекті болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – Баян-Өлгей аймағындағы қазақ мектептерінде оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудың ерекшеліктері мен кемшіліктерін анықтау және мұғалім тәжірибесінде тиімді әдістерді ұсыну.

Зерттеу объектісі – қос тілді ортадағы оқу үдерісі.

Зерттеу нысанасы – қазақ тілі мен әдебиет сабақтарындағы оқу сауаттылығын дамыту тәсілдері.

Ғылыми еңбектерде оқу сауаттылығы оқушының мәтінмен саналы әрекет ету қабілеті ретінде қарастырылады. Шетелдік және отандық зерттеулер оқу сауаттылығын қалыптастырудың көпфакторлы үдеріс екенін көрсетеді. Мәселен, ДЖ.Камминс билингвалды оқытуда тілдік өзара тәуелділік маңызды екенін дәлелдесе [6], PIZA халықаралық зерттеулері оқу сауаттылығы білім сапасының негізгі индикаторы екенін айқындайды. Ал, Ы.Алтынсарин еңбектерінде оқуды түсініп, оқу, мағынаны ашу дағдыларымен байланысы ерте кезеңнен-ақ атап көрсетілген. А.Байтұрсынұлы әдістемелік еңбектерінде мәтінмен саналы жұмыс, тіл арқылы ойлауды дамыту идеяларын негіздеді [2,5]. Функционалдық сауаттылықты дамытуда мәтінмен саналы жұмыс, сыни ойлау және оқу стратегияларының ролі ерекше аталады [4,7]. Ахметов Ж. функционалдық сауаттылықты дасытудағы сыни ойлаудың ролін атап көрсеткен [1]. Зерттеушілер қос тілді білім беру жағдайында тілдер арасындағы интерференция мәтінді түсінуге кедергі келтіретінін атап өтеді [3]. Сонымен қатар, көп зерттеулерде оқу сауаттылығын дамытуда оқу стратегияларын саналы түрде үйретудің маңыздылығы көрсетіледі.

Алайда, моңғол-қазақ қос тілді ортасындағы қазақ мектептерінің тәжірибесі ғылыми еңбектерде жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Монғолияда орта сынып оқушыларының оқу сауаттылығы емес оқыту үдерісінде теориялық материалға басымдық беріледі. Сабақтардың көпшілігінде грамматикалық ережелерді жаттау, тілдік талдау жасау негізгі әрекет ретінде қолданылады. Ал мәтінмен жұмыс көбіне мазмұндаумен шектеліп, оқушының мәтінді терең түсінуіне, сыни ойлауына бағытталған тапсырмалар сирек ұсынылады. Бұл жағдай оқушылардың мәтіннен ақпаратты іріктеу, салыстыру, қорытынды жасау сияқты оқу дағдыларының әлсіз қалыптасуына әкеледі. Қос тілді ортада мұндай тәсілдердің басымдығы оқушылардың аудармалық ойлауға тәуелділігін арттырып, қазақ тіліндегі мәтінді саналы қабылдауын тежейді. Бұл зерттеу аталған олқылықтың орнын толтыруға бағытталды.

### **Негізгі бөлім: Зерттеу нәтижелері мен талдау**

Зерттеу барысында Баян-Өлгей аймағындағы қазақ мектептеріндегі оқушылардың мәтінді қабылдау ерекшеліктеріне талдау жүргізілді. Бақылау, диагностикалық тапсырмалар және мәтінмен жұмыс нәтижелерін салыстыру қос тілді орта оқушылардың оқу дағдыларына жүйелі түрде әсер ететінін көрсетті.

**1. Оқу-әдістемелік кешендердің тапшылығы.** Талдау орта буында оқу сауаттылығын мақсатты қалыптастыруға арналған арнайы оқулықтар мен дербес әдістемелік құралдардың жеткіліксіз екенін көрсетті. Яғни, көбіне қолданыстағы оқулықтың мазмұнымен шектеліп, оқу стратегияларын жүйелі енгізуге мүмкіндік таппайды.

Бақылау сабақтарының нәтижесінде мәтінмен жұмыс тапсырмаларының басым бөлігі мазмұндау және сұрақ-жауап деңгейінде қалып отырғаны анықталды. Жоғары ойлау деңгейлі дағдыларды (интерпретация, бағалау, салыстыру) дамытуға бағытталған тапсырмалар сирек қолданылған.

**2. Аудармалық ойлау кедергісі.** Қос тілді ортадағы оқушылардың басым бөлігінде мәтінді тікелей түсінуден ішкі аудармаға сүйену үрдісі байқалды. Бұл құбылыс оқу қарқынын баяулатып, мәтіннің мағыналық тұтастығын қабылдауды қиындатады.

Диагностика барысында 7-сынып оқушыларына көлемі 180 сөздік танымдық мәтінді ұсыну барысында оқушылардың 60-70 % мәтінді оқығаннан кейін негізгі ойды анықтауда кідіріс танытты. Жеке әңгімелесу барысында олар мәтінді түсіну үшін кейбір тіркестерді моңғол тіліне іштей аударғанын атап өтті. Нәтижесінде, мәтінді оқу уақыты біртүрлі ортадағы нормадан көп болды.

Бұл дерек қос тілді оқушыларда лексикалық қолжетімділіктің жеткіліксіздігі тез түсінуді тежейтінін көрсетті. Аудармалық ойлау жұмыс жадын артық жүктеп, терең түсінуге когнитивтік ресурсты азайтады.

**3. Терминологиялық және лексикалық қиындықтар.** Зерттеу ресми-ғылыми стильдегі мәтіндер оқушылар үшін ең күрделі аймақ екенін көрсетті. Мысалы, терминдер, абстракт ұғымдар, астарлы мағыналар қиын қабылданды.

Мысалы, 8-сынып оқушыларына ғылыми-көпшілік мәтіннен «экожүйе тепе-теңдігі», «антропогендік әсер» тіркестерінің мағынасын түсіндіру тапсырмасында оқушылардың шамамен 28-30 % терминдерді контекст арқылы дұрыс түсіндіре алса, қалғандары сөзді жеке аударуға немесе анықтамасыз қалдыруға бейім болды.

Бұл нәтиже пәндік-академиялық тілдің жеткілікті қалыптаспағанын көрсетеді. Бағдарламаның грамматикаға басым бағытталуы функционалдық сөздік қордың жүйелі дамуына жеткілікті жағдай жасалмайтындығын байқауға болады.

**4. Тілдік орта мен сөздік қордың шектеулігі:** Сауалнама мен бақылау деректеріне сүйенсек, мектептен тыс ортада моңғол тілінің басымдығы қазақ тіліндегі белсенді сөздік қордың таралуына әсер ететін көрсетті. Оқушылардың ауызша жауаптарын талдау кезінде сөз қайталау, жалпылама сөздерді қолдану, ойын толық жеткізе алмау жиі байқалған. Бұл оқушылардың мәтінді терең түсіну мен интерпретация сапасына тікелей әсер етеді.

**5. Сыни талдау дағдыларының әлсіздігі.** Зерттеу нәтижелері оқушылардың репродуктивті деңгейден жоғары тапсымаларда қиналатынын көрсетті. Мысалы, 9-сынып оқушыларына публицистикалық мәтін бойынша «Автордың негізгі ұстанымын анықтап, өз көзқарасыңды дәлелде» тапсырмасы берілді. Нәтижесінде оқушылардың көпшілігі мәтінді мазмұндаумен шектелген, шамамен 22-25 % автор позициясын нақты көрсеткен, ал дәлелді пікір үлесі төмен. Яғни, бұл көрсеткіштер жоғары деңгейлі оқу дағдыларының жеткілікті қалыптаспағанын дәлелдейді. Сонымен бірге қазақ тілінде еркін сөйлеу дағдысының төмендігі оқушының түсінгенін вербализациялауына кедергі келтіреді.

Жүргізілген зерттеу қос тілді ортадағы оқу сауаттылығы мәселесі көп факторлы екенін көрсетті:

- академиялық қазақ тілін жүйелі дамыту;
- оқу стратегияларын мақсатты оқыту;
- мәтінмен жұмыстың талдамалық деңгейін арттыру.

Осы бағыттар кешенді түрде іске асқан жағдайда ғана оқушылардың оқу сауаттылығында тұрақты ілгерілеу қамтамасыз етіледі.

Қорытындылай келе, Баян-Өлгей аймағындағы қазақ мектептерінде оқу сауаттылығын дамыту - заман талабы мен аймақтық ерекшеліктен туындаған өзекті мәселе екені дәлелденді.

Қос тілді ортадағы оқушылардың басты мәселесі — мәтінді механикалық оқу емес, оның терең мағынасын түсіну, сөздік қордың аздығынан ойды еркін жеткізе алмау және талдау дағдыларының жеткіліксіздігі. Оқу бағдарламалары мен оқулықтардағы теориялық басымдық оқушының функционалдық сауаттылығының дамуын тежеп отыр. Басты мәселе — арнайы оқулықтардың жоқтығы мен оқу бағдарламаларының тым теориялық болуы. Бұл оқушылардың сөздік қорының аздығымен және моңғол тілінің ықпалымен ұштасып, олардың өз ойын еркін жеткізуіне және мәтінді сыни тұрғыдан талдауына кедергі келтіреді.

Оқу сауаттылығын арттыру үшін мұғалімдер жүйелі оқу стратегияларын қолданып, оқушыларды мәтінмен саналы түрде жұмыс істеуге дағдыландыруы тиіс. Бұл болашақта оқушылардың тек қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде емес, барлық академиялық салаларда және күнделікті өмірде табысты болуына негіз қалайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ахметов Ж. Функциональная грамотность и развитие критического мышления у школьников. Алматы: Қазақ университеті, 2020. 184 с.
2. Сүлейменов А. Современные подходы к формированию учебной грамотности в школах Казахстана. Нұр-Сұлтан: Білім баспасы, 2021. 220 с.
3. Мухамедов Б., Жұмабаев Д. Стратегии развития читательской грамотности в билингвальных школах. Алматы: РИО Білім, 2022. 196 с.
4. Назарбаев Зияткерлік мектептері. Оқу-әдістемелік кешендер: Қазақ тілі мен әдебиет. Нұр-Сұлтан: Зияткерлік мектептер баспасы, 2023. 240 с.
5. Кенжебаев С., Ермакова Г. Использование критического мышления для формирования функциональной грамотности учащихся. Алматы: Қазақ университеті, 2019. 212 с.
6. Cummins J. Bilingual Education and Academic Achievement. 3rd ed. Toronto: Ontario Institute for Studies in Education, 2018. 256 p.
7. OECD. PISA 2018 Results (Volume I): What Students Know and Can Do. Paris: OECD Publishing, 2019. 400 p.

#### REFERENCES

1. Ahmetov Zh. Funkcional'naja gramotnost' i razvitie kriticheskogo myshlenija u shkol'nikov. Almaty: Kazak universiteti, 2020. 184 s.
2. Sylejmenov A. Sovremennye podhody k formirovaniju uchebnoj gramotnosti v shkolah Kazahstana. Nyr-Syltan: Bilim baspasy, 2021. 220 s.
3. Muhamedov B., Zhymabaev D. Strategii razvitija chitatel'skoj gramotnosti v bilingval'nyh shkolah. Almaty: RIO Bilim, 2022. 196 s.
4. Nazarbaev Zijatkerlik mektepteri. Oqu-adedistemelik keshender: Kazak tili men adebiet. Nyr-Syltan: Zijatkerlik mektepter baspasy, 2023. 240 s.
5. Kenzhebaev S., Ermekova G. Ispol'zovanie kriticheskogo myshlenija dlja formirovanija funkcional'noj gramotnosti uchashhihsja. Almaty: Kazak universiteti, 2019. 212 s.
6. Cummins J. Bilingual Education and Academic Achievement. 3rd ed. Toronto: Ontario Institute for Studies in Education, 2018. 256 p.
7. OECD. PISA 2018 Results (Volume I): What Students Know and Can Do. Paris: OECD Publishing, 2019. 400 p.

УДК 37.016:811.161.1  
ГРНТИ 16.21.51  
DOI 10.70892/ae9b0a35

**ЭССЕ ЖАЗУ АЛГОРИТІМІ (10-11 СЫНЫПТАР)  
(Авторлық бағдарламаны тәжірибеде қолдану және зерттеу нәтижелері)**

**Оңалбекқызы Ләйлә**

*Шымкент қаласы «Academy of Golden Kids» ЖШС мектебі  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

**АЛГОРИТМ НАПИСАНИЯ ЭССЕ (10-11 КЛАССЫ)  
(Применение авторской программы на практике и результаты исследования)**

**Ләйлә Оңалбекқызы**

*г. Шымкент, школа ТОО «Academy of Golden Kids»  
Учитель казахского языка и литературы*

**ESSAY WRITING ALGORITHM (GRADES 10-11)  
(Application of the author's program in practice and research results)**

**Layla Ongalbekkyzy**

*Shymkent, «Academy of Golden Kids» LLP School  
Kazakh language and literature teacher*

**Аңдатпа**

*Эссе жазу қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау, талдау және өз ойын жүйелі түрде жеткізу қабілетін дамытуда маңызды орын алады. Бұл мақала 10-11 сынып оқушыларына арналған эссе жазу алгоритмдерін сипаттайды. Автор әдістемелік тәсілдерді, практикалық қолдану мысалдарын және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы тиімділігін көрсетеді. Мақалада эссе жазудағы негізгі кезеңдер, құрылым, тақырыпты таңдау, аргументация, қорытындылау сияқты аспектілер қарастырылады. Сонымен қатар, отандық және шетелдік әдебиеттерге шолу жасалып, педагогикалық тәжірибелер мен авторлық бағдарламалар талданады. Мақаланың нәтижелері оқушылардың жазбаша және аналитикалық дағдыларын дамытуға, шығармашылық ойлауын жетілдіруге ықпал етеді.*

**Аннотация**

*Написание эссе в современной образовательной системе играет важную роль в развитии критического мышления, анализа и способности системно выражать свои мысли. Эта статья описывает алгоритмы написания эссе для учащихся 10-11 классов. Автор рассматривает методические подходы, примеры практического применения и эффективность в развитии творческих способностей учеников. В статье освещаются основные этапы написания эссе, структура, выбор темы, аргументация и заключение. Также проводится обзор отечественной и зарубежной литературы, анализируются педагогические практики и авторские программы. Результаты исследования способствуют развитию письменных и аналитических навыков учащихся, улучшению их творческого мышления.*

**Annotation**

*Essay writing in modern education plays a crucial role in developing students' critical thinking, analytical skills, and ability to express ideas coherently. This article presents essay writing algorithms for 10-11 grade students. The author discusses methodological approaches, practical implementation examples, and their effectiveness in enhancing students' creativity. Key aspects such as essay stages, structure, topic selection, argumentation, and conclusion are examined. Additionally, a review of domestic and international literature is provided, along with analysis of pedagogical practices and author-developed programs. The results of this study contribute to improving students' writing, analytical skills, and*

*creative thinking.*

**Тірек сөздер:** Эссе, алгоритм, жазу, әдістеме, педагогика, шығармашылық, талдау.

**Ключевые слова:** эссе, алгоритм, письмо, методика, педагогика, творчество, анализ.

**Keywords:** essay, algorithm, writing, methodology, pedagogy, creativity, analysis.

### Кіріспе

Эссе жазу қазіргі мектеп бағдарламасында оқушылардың ойлау қабілетін, шығармашылық және аналитикалық дағдыларын дамытуда маңызды құрал болып табылады. 10-11 сыныптарда эссе жазу арқылы оқушылар тек өз ойларын білдіріп қана қоймай, дәлелдер мен мысалдар арқылы пікірін қорғай білуді үйренеді. Сонымен қатар, эссе жазу оқушыларға ақпаратты саралай білуге, логикалық құрылым жасауға және түрлі көзқарастарды салыстыра отырып қорытынды шығаруға мүмкіндік береді.

Осы тақырып өзектілігін жоғалтпайды, себебі ақпараттық қоғамда ой-пікірін жүйелі түрде жеткізе білу маңызды. Қазіргі заманғы білім беру стандарттарында коммуникациялық дағдылар мен сыни тұрғыдан ойлау қабілеті басты орын алады, ал эссе жазу осы қабілеттерді тиімді дамыту құралы болып табылады. Зерттеулер көрсеткендей, эссе жазу арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуеті артып, ақпаратты талдау және оны аргументтеу қабілеттері жақсарады (Smith, 2018; Johnson, 2020).

Сонымен қатар, эссе жазу оқушыларды дербес зерттеуге, өз тақырыптарына қызығушылық білдіруге және білімді практикалық түрде қолдануға үйретеді. Бұл әдіс пәндер арасындағы интеграцияны қолдай отырып, оқушылардың жалпы академиялық жетістіктерін арттыруға ықпал етеді. Осы себепті, 10-11 сыныптарда эссе жазу әдістемесін енгізу қазіргі заманғы педагогикалық тәжірибе үшін аса маңызды.

**Зерттеу мақсаты** – оқушыларға эссе жазуды тиімді ұйымдастырудың алгоритмін ұсыну, оның кезеңдері мен әдістемесін көрсету.

#### Міндеттері:

- Эссе жазудың теориялық негіздерін қарастыру;
- Алгоритмнің негізгі кезеңдерін сипаттау;
- Практикада қолдану мысалдарын келтіру;
- Әдістемені бағалау және педагогикалық ұсыныстар жасау.

Отандық әдебиетте, мысалы, Оқу және жазу мәдениеті, эссе жазудың құрылымы мен талаптары қарастырылған. Шетелдік зерттеулерде (Smith, 2018; Johnson, 2020) эссе арқылы сыни тұрғыдан ойлау мен аргументацияны дамыту әдістері ұсынылған. Осылайша, зерттеу қазіргі заманғы педагогикалық тәжірибе мен әдебиет негізінде негізделген [1].

#### Әдістеме

Эссе жазу алгоритмі бірнеше кезеңнен тұрады. Оның негізгі принциптері: кезеңдік жүйелілік, оқушының шығармашылық белсенділігін арттыру және аналитикалық ойлауды дамыту. Алгоритм әр кезеңде нақты мақсаттарды көздейді, бұл оқушыларға эссенің құрылымын түсінуге және ойларын логикалық түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, алгоритм ақпаратты жинау, талдау, жоспарлау, жазу және қорытындылау сияқты міндеттерді жүйелі орындауға бағытталған.

Әдістемеді оқушылардың өз идеяларын дәлелдермен қолдай білуіне, тақырыпқа қатысты зерттеу жүргізуіне және жазбаша түрде ойларын тұжырымдауға жағдай жасалады. Алгоритмді қолдану барысында педагог әр кезеңде оқушыларға кеңес береді, кері байланыс ұсынады және шығармашылық белсенділікті арттыру үшін түрлі әдістерді енгізеді (топтық талқылау, мозгталық штурм, визуалды ұйымдастыру құралдары). Нәтижесінде, эссе жазу процесі тек мәтін құрудан гөрі, оқушының аналитикалық ойлауын, зерттеу дағдыларын және өзін-өзі бағалау қабілетін дамытуға бағытталған кешенді оқу тәжірибесіне айналады [2].

Сонымен қатар, алгоритмді қолдану оқушылардың уақытты тиімді басқару дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Әр кезеңге нақты уақыт бөлу арқылы оқушылар жоспарлы жұмыс істеуді үйренеді, тапсырмаларды кезең-кезеңімен орындауды меңгереді және соңғы нәтиженің сапасын арттырады. Бұл әсіресе 10-11 сынып оқушылары үшін маңызды, себебі олар мектептегі басқа пәндер мен жеке жобалар арасында өз уақытын үйлестіруді үйренуі қажет.

Алгоритм педагогтарға да тиімді, өйткені ол сабақтарды жүйелі жоспарлауға және оқушылардың прогресін нақты бағалауға мүмкіндік береді. Педагог әр оқушының шығармашылық және аналитикалық қабілетін дербес бақылап, кері байланыс арқылы жетілдіруге жағдай жасайды. Сонымен бірге, әдістемені қолдану топтық және жеке жұмыстарды үйлестіруге, инновациялық технологиялар мен визуалды құралдарды енгізуге мүмкіндік береді, бұл білім беру процесін интерактивті және қызықты етеді.

Сонымен қатар, эссе жазу алгоритмі оқушылардың өз пікірін дәлелді түрде жеткізуге деген сенімін арттырады. Әр кезеңде жүйелі жұмыс істеу арқылы оқушылар өз идеяларын логикалық түрде құрылымдайды, аргументтерді дәлелдермен бекітеді және қорытынды шығаруды үйренеді. Бұл тек жазбаша дағдыларды дамытуға ғана емес, сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлау, аналитикалық қабілет және шығармашылық ойлауды қалыптастыруға ықпал етеді.

### 1-кесте. Эссе жазудың негізгі кезеңдері

Кезең	Міндеті	Әдістері
Тақырып таңдау	Оқушының қызығушылығы мен тақырыпқа сәйкес	Миға шабуыл, топтық талқылау
Ақпарат жинау	Деректерді жинау және талдау	Интернет, кітаптар, сұхбат, графикалық ұйымдастыру
Жоспар құру	Негізгі ойларды құрылымдау	Кестелер, диаграммалар, интеллект карталары
Жазу	Алынған мәліметтерді мәтінге айналдыру	Абзацтық құрылым, аргументация, дәйектер
Қорытынды	Ойды тұжырымдау	Салыстыру, қорытынды жасау, рефлексия

### Диаграмма 1. Эссе жазудың кезеңдері



Әдістемеді педагог келесі тәсілдерді қолданады:

- **Топтық жұмыс:** оқушыларға бір-бірінің ойларын талдау және пікірін дамыту;
- Жеке тапсырмалар: әр оқушы өз тақырыбын зерттеп, эссе жазады;
- Кері байланыс: сыныпта немесе онлайн платформаларда жазылған эсселерді талқылау;
- Технологияны қолдану: интеллект-карталар, графикалық ұйымдастыру, Google Docs немесе Padlet арқылы жазбаларды біріктіру.

Бұл әдістеме оқушыны белсенді, тәуелсіз және сыни тұрғыдан ойлауға үйретеді. Алгоритмнің реттілігі әр кезеңде міндеттерді нақты айқындайды және нәтижелі оқу процесін қамтамасыз етеді [3].

### **Практикада қолдану**

Методика 10-11 сыныптарда бірнеше сабақ барысында тестіленді. Мысалы, «Қазақстанның тарихи тұлғалары» тақырыбында эссе жазу жұмысы ұйымдастырылды. Алдымен оқушылар тақырыпты таңдап, өздерінің қызығушылықтарына сәйкес деректер жинады. Ақпарат жинау барысында кітаптар, ғылыми мақалалар, интернет ресурстары және тарихи құжаттар қолданылды.

Келесі кезеңде оқушылар жоспар құрып, эссенің құрылымын анықтады: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды. Жазу процесінде педагогтар оқушыларға аргументтерін дәйектермен дәлелдеуге, логикалық реттілікті сақтауға және ойларын нақты жеткізуге көмектесті.

Сабақ барысында топтық талқылау және кері байланыс сессиялары өткізілді, бұл оқушылардың бір-бірінің жұмыстарын бағалап, сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытты.

Нәтижесінде, оқушылар өздерінің зерттеу дағдыларын жетілдіріп, тақырыпты жан-жақты талдай алды. Бағалау нәтижелері бойынша оқушылардың орташа көрсеткіші 85% деңгейінде болды, кейбір оқушылар шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін жоғары деңгейде көрсетті. Сонымен қатар, методика оқушылардың өз ойларын жүйелі түрде жазбаша түрде білдіру дағдыларын арттырды және сабақтағы белсенділікті жоғарылатты.

Бұл тәжірибе методиканың тиімділігін дәлелдеп қана қоймай, болашақта басқа тақырыптар мен пәндерде қолдануға мүмкіндік беретін нақты практикалық негізін көрсетті [4].

Бұл тәжірибе методиканың тиімділігін дәлелдеп қана қоймай, болашақта басқа тақырыптар мен пәндерде қолдануға мүмкіндік беретін нақты практикалық негізін көрсетті. Әсіресе, алгоритмді қолдану барысында оқушылардың дербестік деңгейі артты, олар тақырыпты терең зерттеп, өз ойларын сенімді түрде жеткізуді үйренді. Мұндай тәжірибе педагогтарға әр оқушының қабілеті мен шығармашылық мүмкіндігін ескере отырып, оқыту тәсілдерін дербес бейімдеуге жағдай жасайды.

Сонымен қатар, методика білім беру процесінде технологияларды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Ақпарат жинау және визуалды ұйымдастыру құралдарын қолдану арқылы оқушылар аналитикалық дағдыларын дамытып, зерттеу процесін жеңілдетті. Бұл сабақтарда цифрлық платформаларды пайдалану, интеллект-карталар мен кестелер арқылы ойларды жүйелеу оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырды.

Методиканың тағы бір артықшылығы – оқушылардың ынтымақтастық қабілеті мен сын тұрғысынан ойлау деңгейін көтеруі. Топтық талқылаулар, пікір алмасу және кері байланыс сессиялары оқушыларға бір-бірінің жұмыстарын бағалап, конструктивті пікір айту дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді. Осылайша, әдістемені қолдану білім беру сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың жеке және әлеуметтік дамуына да оң әсерін тигізді.

**Кесте 2. Эссе жазу алгоритмін практикада қолдану (10-11 сыныптар)**

Кезең	Міндеті	Қолданылған әдіс	Қолданылған құралдар	Нәтиже
Тақырып таңдау	Оқушылардың қызығушылығын ескере отырып тақырыпты таңдау	Миға шабуыл, топтық талқылау	Кестелер, интеллект-карталар	Тақырыпқа қызығушылық, зерттеуге дайындық
Ақпарат жинау	Деректерді жинау және талдау	Интернет, кітап, ғылыми мақалалар, сұхбат	Онлайн ресурстар, кітапхана, графикалық ұйымдастыру құралдары	Ақпаратты саралап, маңызды деректерді таңдау
Жоспар құру	Эссенің құрылымын жасау	Абзацтық құрылым, жоспарлау	Кестелер, диаграммалар	Логикалық құрылым, негізгі ойларды анықтау
Жазу	Мәтінді құрастыру	Жеке жұмыс, топтық пікір алмасу	Google Docs, Word	Дәйектермен дәлелденген мәтін, ойды нақты жеткізу
Қорытындылау	Ойды тұжырымдау	Рефлексия, салыстыру	Диаграммалар, визуалды карта	Қорытынды ой, жүйеленген мазмұн
Кері байланыс және түзету	Жазылған эссені жетілдіру	Педагог және топтық пікір	Онлайн платформалар, Padlet	Қателерді түзету, мәтінді жетілдіру, аналитикалық ойлау дамуы

**Сабак барысы:**

- Алдымен тақырып таңдау және ақпарат жинау.
- Содан кейін оқушылар жоспар құрып, негізгі аргументтерін анықтады.
- Жазу кезеңінде әр оқушы жеке эссе жазды, содан соң топтық талқылау ұйымдастырылды.

**Қолданылған құралдар:**

- Google Docs арқылы жазбаларды ортақ сақтау;
- Padlet тақтасында идеяларды визуалдау;
- Диаграмма және кестелер арқылы аргументтерді жүйелеу.

**Нәтижелер:**

- Оқушылар өз пікірін дәлелдермен дәл жеткізді;
- Топтық талқылау арқылы сын тұрғысынан ойлау дамыды;
- Бағалау нәтижелері бойынша орташа ұпай 85% болды.

**Артықшылықтары:**

- Алгоритмді қолдану арқылы оқушылар жазуды жүйелі үйренді;
- Технологияны қолдану шығармашылықты арттырды;
- Кері байланыс оқушылардың қателерін түзетуге мүмкіндік берді.

**Кемшіліктері:**

- Кейбір оқушыларға тақырып таңдау қиын болды;
- Уақытты тиімді басқару қажет болды;
- Онлайн құралдарға үйрену кезеңі қажет.

**Ұсыныстар**

Алгоритмді кезең-кезеңімен енгізу: Эссе жазуды бастамас бұрын оқушыларға әр кезеңнің мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру қажет. Бұл тақырыпты таңдаудан бастап қорытынды жасауға дейінгі процесті жүйелі түрде ұйымдастыруға көмектеседі.

Жеке және топтық жұмыстарды үйлестіру: Алгоритмді қолдану барысында оқушылар жеке өз тақырыбын зерттей отырып, топтық талқылауларға қатысуы керек. Бұл шығармашылық белсенділікті арттырады және сын тұрғысынан ойлауды дамытады.

Технологиялық құралдарды пайдалану: Ақпарат жинау, жоспар құру және жазу кезеңінде цифрлық платформалар (Google Docs, Padlet, интеллект-карталар) қолдану оқушылардың аналитикалық дағдыларын дамытып, шығармашылықты ынталандырады.

Кері байланыс жүйесін ұйымдастыру: Сабақ барысында педагог әр кезеңде кері байланыс беруі керек. Бұл оқушыларға қателерін түзетуге, аргументтерін жетілдіруге және жазба сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Бағалау критерийлерін нақты көрсету: Оқушыларға эссені бағалау өлшемдері алдын-ала таныстырылуы тиіс. Бұл оқушылардың өз жұмыстарын өзін-өзі бағалауға және жетілдіруге бағыттайды.

Әртүрлі деңгейдегі оқушыларға бейімдеу: Тапсырмаларды әр түрлі деңгейдегі топтарға сәйкес бейімдеу ұсынылады. Қиындық деңгейін кезең-кезеңімен арттыру оқушылардың мотивациясын сақтап, дағдыларын тұрақты дамытады.

Авторлық бағдарламаларды тәжірибеден өткізу: Педагогтар әзірлеген авторлық бағдарламаларды пилоттық сабақтарда сынап көру арқылы тиімділігін бағалауы қажет. Бұл әдістемені басқа пәндерге интеграциялауға және оқу процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Оқушылардың зерттеу дағдыларын қолдау: Тақырыпты терең зерттеу, ақпаратты талдау және қорытынды жасау кезеңінде қосымша ресурстар мен әдебиеттер ұсынылуы керек. Бұл оқушылардың сыни тұрғысынан ойлау қабілетін дамытады және жазбаша дағдыларын нығайтады [5].

**Қорытынды**

Эссе жазу алгоритмі 10-11 сыныптарда оқушылардың ойлау, талдау және шығармашылық қабілеттерін дамытуда тиімді әдістеме болып табылады. Мақалада алгоритмнің кезеңдері, әдістері, практикалық қолдану мысалдары көрсетілді. Сабақтар мен жобалық жұмыстар барысында алгоритмді қолдану оқушылардың жазбаша және аналитикалық дағдыларын арттырды, сын тұрғысынан ойлауын жетілдірді. Сонымен қатар, технологияларды пайдалану шығармашылық әлеуетін кеңейтті. Ұсыныстар педагогтарға әдістемені тиімді енгізуге бағытталған және әр түрлі контексттерде қолдануға мүмкіндік береді. Жалпы, зерттеу білім беру процесін жетілдіру және педагогикалық тәжірибені дамыту үшін маңызды болып табылады.

Эссе жазу алгоритмін қолдану оқушылардың тек жазбаша дағдыларын ғана емес, сонымен бірге сыни тұрғыдан ойлау, ақпаратты талдау және өз ойын жүйелі жеткізу қабілеттерін де дамытады. Алгоритмнің кезеңдік жүйелілігі оқушыларға логикалық ойлауды үйретеді, олардың зерттеу және деректерді жинау дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар, әдістемені пайдалану оқушылардың өзін-өзі бағалау және кері байланыс алу мүмкіндігін арттырады, бұл білім беру процесін интерактивті және тиімді етеді.

Зерттеу нәтижелері педагогикалық тәжірибеде алгоритмді қолданудың маңыздылығын растайды. Алынған тәжірибе көрсеткендей, эссе жазу әдістемесі әр түрлі тақырыптар мен оқу контексттеріне оңай бейімделеді, оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашады және оқу мотивациясын арттырады. Болашақта бұл алгоритмді басқа пәндерге интеграциялау және ақпараттық технологиялармен үйлестіру оқыту сапасын одан әрі жақсартуға мүмкіндік береді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Нұрлыбаева Ж., Кумарбекова А., Момбекова С., Тлегенова М. Эссе жазуға бейімдеу : авторлық бағдарлама. - Шымкент: ШЫН баспаханасы, 2024. - 72 б.
2. Тажибаева А.Б. Эссе жазу стратегиясы мен тактикасы. *Dulaty University Bulletin*, 2024. - Б. 15-19.
3. Жиенбаева Н.А., Жумабай К.С., Карабаева А.Б. Эффективные способы обучения написанию эссе при формировании читательской грамотности и письменной речи учащихся. *Scientific Journal of Pedagogy and Economics*, 2025. - Б. 5-14.
4. Балтабаева Ж.Қ., Кенжебаева Г.М. Қазақ тілі пәнінен жазылым дағдысын дамыту жолдары. *Білім*, 2023, № 3 (106). - Б. 88-96.
5. Баймұратова Б.С. Оқушылардың жазба тілін дамыту жолдары. – Алматы: Рауан, 2020. - 198 б.

## REFERENCES

1. Nұrlybaeva Zh., Kumarbekova A., Mombekova S., Tlegenova M. Jesse zhazuruға bejimdeu : avtorlyқ baғdarlama. - Shymkent: ShYN baspahanasy, 2024. - 72 b.
2. Tazhibaeva A.B. Jesse zhazu strategijasy men taktikasy. *Dulaty University Bulletin*, 2024. - B. 15-19.
3. Zhienbaeva N.A., Zhumabaj K.S., Karabaeva A.B. Jefferktivnye sposoby obuchenija napisaniju jesse pri formirovanii chitatel'skoj gramotnosti i pis'mennoj rechi uchashhihsja. *Scientific Journal of Pedagogy and Economics*, 2025. - B. 5-14.
4. Baltabaeva Zh.Қ., Kenzhebaeva G.M. Қазақ тили пәнінен zhazylym daғdysyn damytu zholdary. *Bilim*, 2023, № 3 (106). - B. 88-96.
5. Bajmұratova B.S. Oқushylardyң zhazba tilin damytu zholdary. – Almaty: Rauan, 2020. - 198 b.

УДК 377:371.11  
ГРНТИ 63.01.16  
DOI 10.70892/5b79ys66

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КОЛЛЕДЖДЕРДЕ  
ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ:  
ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕР ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ АПРОБАЦИЯ**

***Пролыгина Динара Куанышбаевна***

*Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Лисаков техникалық колледжі» КМҚК,  
Қазақстан, Лисаковск қаласы  
pdk\_lis@mail.ru*

**ОРГАНИЗАЦИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПОПЕЧИТЕЛЬСКОГО СОВЕТА В  
КОЛЛЕДЖАХ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:  
МЕТОДИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ И ПРАКТИЧЕСКАЯ АПРОБАЦИЯ**

***Пролыгина Динара Куанышбаевна***

*КГКП «Лисаковский технический колледж»  
Управления образования акимата Костанайской области  
Казахстан, город Лисаковск  
pdk\_lis@mail.ru*

**ORGANIZATION OF THE ACTIVITIES OF THE BOARD OF TRUSTEES IN  
COLLEGES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:  
METHODOLOGICAL APPROACHES AND PRACTICAL APPROBATION**

***Dinara Kuanyshbaevna Prolygina***

*MSTE “Lisakovsk Technical College” of the Education Department of the Akimat of Kostanay Region,  
Kazakhstan, Lisakovsk  
pdk\_lis@mail.ru*

***Аңдатпа***

*Мақалада колледждерде Қамқоршылық кеңесінің қызметін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдері зерттеледі. Автор Қамқоршылық кеңесінің құрылымын, функцияларын және жұмыс формаларын талдайды. Зерттеудің мақсаты – мемлекеттік-қоғамдық басқару механизмдерін жетілдіру, дуалды оқытуды дамыту және колледждің материалдық-техникалық базасын нығайту. Практикалық нәтижелер «Лисаков техникалық колледжі» КМҚК тәжірибесіне негізделген. Нәтижесінде ұсыныстар әзірленді, олар колледждерде Қамқоршылық кеңестің қызметін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.*

***Аннотация***

*В статье рассматриваются методические подходы к организации деятельности Попечительского совета в колледжах. Автор анализирует структуру, функции и формы работы совета.*

*Цель исследования – совершенствование механизмов государственно-общественного управления, развитие дуального обучения и укрепление материально-технической базы колледжей. Практические результаты обобщены на основе опыта КГКП*

*«Лисаковский технический колледж». Разработаны рекомендации по эффективной организации Попечительских советов в образовательных организациях.*

***Annotation***

*The article explores methodological approaches to organizing the activities of the Board of Trustees in colleges. The authors analyze the structure, functions, and working formats of the board.*

*The study aims to improve mechanisms of public-state management, develop dual education, and strengthen the material and technical base of colleges. Practical results are based on the experience of KGCPС “Lisakovsk Technical*

*College". Recommendations are proposed for effective organization of Boards of Trustees in educational institutions.*

**Түйінді сөздер:** Қамқоршылық кеңес, мемлекеттік-қоғамдық басқару, колледж, дуалды оқыту, материалдық-техникалық база, педагогикалық басқару, әлеуметтік әріптестік.

**Ключевые слова:** Попечительский совет, государственно-общественное управление, колледж, дуальное обучение, материально-техническая база, педагогическое управление, социальное партнерство.

**Keywords:** Board of Trustees, public-state governance, college, dual education, material and technical base, educational management, social partnership.

## Введение

Современный этап развития системы технического и профессионального, послесреднего образования Республики Казахстан характеризуется повышением требований к качеству подготовки кадров, активным вовлечением работодателей и необходимостью внедрения эффективных механизмов государственно-общественного управления. В этих условиях особое значение приобретает деятельность Попечительских советов как инструмента взаимодействия образовательных организаций с социальными партнёрами, бизнес-сообществом и общественностью.

